ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статақпараттарды өзінің жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

В соответствии с Законом РК «Об авторском праве и смежных правах» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статинформации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2007 жылдың қаңтар-шілдесі
январь-июль 2007 года

АСТАНА, 2007

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы журнал

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бас редактор - А.Мешімбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2007 жылдың қаңтар-шілдесіндегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрлер,
35-ші көше, 2 үй,
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефондар: 8 (7172) 74-36-53
Факс: 8 (7172) 74-36-93
Электрондық мекен-жай: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Шартты белгілер:

-	–	құбылыс жоқ
0,0	–	болмашы шама
…	–	деректер жоқ (табыс етілмеген)

Таралымы: 250 дана.
Көлемі = 14,46 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 14 тамызында тіркелген № 3156-Ж

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ежемесячный информационно-аналитический журнал

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор - А.Мешимбаева

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-июле 2007г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010001,
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефоны: 8 (7172) 74-36-53
Факс: 8 (7172) 74-36-93
Электронный адрес:stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http//www.stat.kz

Условные обозначения:

-	–	явление отсутствует
0,0	–	незначительная величина
...	–	данные отсутствуют (не представлены)

Тираж: 250 экз.
Объем = 14,46 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002 г. № 3156-Ж

© Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2007
© Агентство Республики Казахстан по статистике, 2007

Мазмұны

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы қаңтар-шілдедегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары ... 5

2. Тауарлар мен қызметтер өндірісі ... 7

2.1 Жалпы ішкі өнім ... 7
2.2 Өнеркәсіп өндірісі ... 8
2.3 Ауыл шаруашылығы ... 14
2.4 Құрылыс ... 16
2.5 Көлік ... 18
2.6 Байланыс ... 19
2.7 Сауда және өзге де қызметтер ... 21

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілері мониторингі ... 24

4. Сыртқы сауда ... 27

4.1 Сыртқы сауда айналымы ... 27
4.2 ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда ... 28
4.3 Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда ... 28

5. Тауар нарығы ... 29

6. Инвестициялар ... 32

7. Бағалар ... 35

7.1 Тұтыну бағалары ... 35
7.2 Экономиканың нақты секторындағы баға ... 36

8. Қаржы жүйесі ... 40

8.1 Мемлекеттік қаржы ... 40
8.2 Ақша-кредит жүйесі ... 41

9. Еңбек рыногы және еңбекке ақы төлеу ... 43

9.1 Жалданып жұмыспен қамтылу ... 43
9.2 Жұмыссыздық және жұмыспен қамту ... 44
9.3 Еңбекке ақы төлеу ... 45

10. Халық табысы ... 47

11. Демографиялық процестер және әлеуметтік сала ... 48

11.1 Демографиялық ахуал ... 48
11.2 Халықтың ауру-сырқаулығы ... 50
11.3 Қылмыстылық ... 51

12. Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау ... 53

13. Конъюнктуралық зерттеулер ... 56

14. ТМД елдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ... 59

Содержание

1. Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-июле 2007 года ... 64

2. Производство товаров и услуг ... 66

2.1 Валовой внутренний продукт ... 66
2.2 Промышленное производство ... 67
2.3 Сельское хозяйство ... 73
2.4 Строительство ... 75
2.5 Транспорт ... 77
2.6 Связь ... 78
2.7 Торговля и прочие услуги ... 80

3. Мониторинг субъектов малого предпринимательства ... 83

4. Внешняя торговля ... 86

4.1 Внешнеторговый оборот ... 86
4.2 Внешняя торговля с государствами СНГ ... 87
4.3 Внешняя торговля с другими странами мира ... 87

5. Товарные рынки ... 88

6. Инвестиции ... 91

7. Цены ... 94

7.1 Потребительские цены ... 94
7.2 Цены в реальном секторе экономики ... 95

8. Финансовая система ... 99

8.1 Государственные финансы ... 99
8.2 Денежно-кредитная система ... 100

9. Рынок труда и оплата труда ... 102

9.1 Занятость по найму ... 102
9.2 Безработица и обеспечение занятости ... 103
9.3 Оплата труда ... 104

10. Доходы населения ... 106

11. Демографические процессы и социальная сфера ... 107

11.1 Демографическая ситуация ... 107
11.2 Заболеваемость населения ... 109
11.3 Преступность ... 110

12. Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ ... 112

13. Конъюнктурные обследования ... 115

14. Социально-экономическое положение стран СНГ ... 118

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2007 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ШІЛДЕДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Макроэкономикалық үрдістер. Жалпы ішкі өнімнің көлемі, жедел деректер бойынша, 2007 жылдың қаңтар-маусымында ағымдағы бағаларда 5495,3 млрд. теңгені құрады. Нақты ЖІӨ-нің өсуі 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 110,2% құрады. ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі ЖІӨ-ден 41,2%, қызмет көрсету - 56,4% болды.

2007 жылғы шілдеде тұтыну бағаларының индексі 2006 жылғы шілдемен салыстырғанда 108,8% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 9,0%, азық-түлік емес тауарлар – 8,0%, ақылы қызмет – 9,7% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 2007 жылғы шілдеде 2006 жылғы шілдемен салыстырғанда 12,4% өсті.

Жұмыссыздар саны 2007 жылғы шілдеде, сараптамалық бағалау бойынша, 581,5 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа шаққанда – 7,1% құрады, соның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдардың саны ағымдағы жылғы шілденің соңында 74,9 мың адамды құрап, олардың экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы үлесі 0,9% болды.

Экономиканың нақты секторы. 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 4031,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдедегіден 5,6% көп. 2006 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 4,1%-ға, өңдеу өнеркәсібінде – 7,9%, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 5,2% өсті.

2007 жылғы қаңтар-шілдеде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 275,6 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 3,9% өсті.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 1111,5 млн. тоннаны құрап, 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 5,3% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 988,9 млрд. теңгені құрап, 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 10,9% артты.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 1498,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдедегіден 11,6% көп.

2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада 261973 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер - 247340. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар - 180106. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 166447 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 119552.

Сыртқы сауда. 2007 жылғы қаңтар-маусымда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз) 36601,6 млн. АҚШ долларын құрап, 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 34,2% өсті, соның ішінде экспорт – 21806,6 млн. АҚШ доллары (25,8% өсті), импорт – 14795 млн. АҚШ доллары (48,8% өсті) болды.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2007 жылдың 1 шілдесіне 1314,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы 1 шілдедегіден 5% көп, ал шығын – 1216,8 млрд. теңгені (9,5%) құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2007 жылғы маусымның соңына 6568,6 млрд. теңгені құрады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 78%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 45,1% құрады. 2007 жылғы маусымның соңына банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 3696,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңнен 71,6% көп, халық депозиттері (салымдары) 1354,7 млрд. теңге болды, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңнен 83,1% көп.

Халықтың табысы. 2007 жылғы маусымда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 24653 теңге құрап, 2006 жылғы маусыммен салыстырғанда – 26,0%, нақты ақшалай табысы – 16,6% өсті.

2007 жылғы маусымда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 51814 теңгені құрап, 2006 жылғы маусыммен салыстырғанда 28,9% өсті. Нақты жалақы 19,2% көбейді.

НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР

	Өлшем бірлігі	2007 жылғы қаңтар-шілде	2007 жылғы шілде	Өткен жылдық тиісті кезеңіне %- бен		2007 жылғы шілде 2007 жылғы маусымға %-бен
				2007 жылғы қаңтар-шілде	2007 жылғы шілде	
А	Б	1	2	3	4	5
Экономикалық көрсеткіштер						
Жалпы ішкі өнім[1)]	млрд. теңге	5495,3		110,2		
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	4031,4	671,5	105,6	99,2	104,5
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі	млрд. теңге	275,6	58,7	103,9	104,5	101,9
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау	млн. тонна	1111,5	189,9	105,3	107,3	111,0
Байланыс қызметтерінің көлемі (өсу қарқыны салыстырмалы бағаларда), жедел деректер бойынша	млрд. теңге	190,4	31,6	132,7	137,8	105,8
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы	млрд. теңге	988,9	156,7	110,9	109,9	102,4
Сыртқы сауда айналымы [1)2)]	млн. АҚШ доллары	36601,6	7263,5	134,2	124,5	104,2
соның ішінде:						
экспорт		21806,6	4302,8	125,8	116,6	105,4
импорт		14795,0	2960,7	148,8	138,0	102,3
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	млрд. теңге	1498,2	268,1	111,6	113,0	88,9
Тұтыну бағаларының индексі				108,1	105,5[3)]	100,9
Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі				106,0	110,3[3)]	104,2
Жұмыссыздар саны (бағалау)	мың адам		581,5		94,7	96,9
Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау)[1)]	теңге	140401	24653	127,9[4)]	126,0[4)]	103,6
Нақты ақшалай табыс (бағалау)[1)]	%-бен			118,5[4)]	116,6[4)]	102,8
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы[1)]:						
атаулы	теңге	48855	51814	129,4	128,9	103,6
нақты	%-бен			119,9	119,2	102,8
Қаржы көрсеткіштері[5)]						
М3 ақша жиыны	млрд. теңге		4489,2		166,0	106,1
Айналымдағы қолма-қол ақша	млрд. теңге		793,1		144,2	105,7
Банк жүйесіндегі депозиттер	млрд. теңге		3696,1		171,6	106,2
соның ішінде халық депозиттері	млрд.теңге		1354,7		183,1	106,9
ЕДБ-ның экономика салалары мен халыққа кредит беруі	млрд. теңге		6568,6		210,8	109,2
соның ішінде ұзақ мерзімді кредиттік салымдар	млрд.теңге		5122,7		228,6	108,6

[1)] 1-баған – 2007 жылғы қаңтар-маусым; 2-баған – 2007 жылғы маусым; 3-баған – 2007 жылғы қаңтар-маусым 2006 жылғы қаңтар-маусымға %-бен; 4-баған – 2007 жылғы маусым 2006 жылғы маусымға %-бен; 5-баған – 2007 жылғы маусым 2007 жылғы мамырға %-бен.

[2)] Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз.

[3)] 2006 жылғы желтоқсанға.

[4)] 2006 жылғы қаңтар-маусымдағы және маусымдағы нақтыланған деректерге %-бен.

[5)]ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2007 жылғы маусымның соңына.

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты көлемінің индексі 2007 жылғы бірінші жартыжылдықта өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 110,2% құрады, бұл 2006 жылғы көрсеткіштен 0,9 пайыздық тармаққа көп.

2001 – 2007жж. бірінші жартыжылдығындағы Жалпы ішкі өнімнің нақты көлемінің индексі

өткен жылғы сәйкес кезеңге, пайызбен



Дефлятор 2007 жылғы қаңтар-маусымда өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 113,2% құрады.

2006-2007жж. бірінші жартыжылдығындағы Жалпы ішкі өнім

өткен жылғы сәйкес кезеңге, пайызбен

	Бірінші жартыжылдық				
	2007, млн. теңге	нақты көлем индексі		дефлятор, %	
		2006	2007	2006	2007
Тауарлар өндірісі	2 263 265,2	109,4	111,3	118,7	110,5
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы, балық аулау, балық өсіру	120 393,9	104,2	103,8	104,4	117,9
Өнеркәсіп	1 722 535,8	105,2	106,8	121,3	111,1
Құрылыс	420 335,5	137,6	136,8	112,0	106,0
Қызметтер өндірісі	3 103 983,3	110,6	112,1	114,5	115,9
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдалану заттарын жөндеу	716 841,1	109,5	109,9	117,7	116,7
Көлік	460 985,0	106,5	107,1	109,7	105,8
Байланыс	129 548,5	126,0	131,7	119,2	103,1
Қаржы қызметі	337 078,6	146,4	162,7	114,3	127,6
Жалжымайтын мүлікпен операция-лар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету	887 979,1	108,2	107,8	109,4	116,8
Мемлекеттік басқару	132 940,8	106,3	103,3	125,6	125,4
Білім беру	191 062,2	104,5	103,8	127,2	122,7
Денсаулық сақтау	107 136,1	103,4	102,5	128,6	118,2
Өзге де қызметтер	140 411,9	114,7	105,4	112,3	111,1
Қаржы делдалдығының жанама-өлшемді қызметтері	-255 084,8	153,9	173,2	102,1	122,0

Жалғасы

	Бірінші жартыжылдық				
	2007, млн. теңге	нақты көлем индексі		дефлятор, %	
		2006	2007	2006	2007
Жалпы қосылған құн	5 112 163,7	109,0	110,0	116,7	113,1
Өнімдерге салынған таза салықтар	383 163,3	113,6	113,4	126,4	114,3
Жалпы ішкі өнім	5 495 327,0	109,3	110,2	117,3	113,2

2007 жылғы қаңтар-маусымда ЖІӨ-нің құрылымындағы тауарлар өндірісінің үлесі – 41,2% құрады, одан өнеркәсіп – 31,4% алады, оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі – 16,4%, өңдеу өнеркәсібі – 13%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу – 2%.

2006-2007жж. Жалпы ішкі өнімнің салалық құрылымы

пайызбен



1- өнеркәсіп; 2 – ауыл шаруашылығы; 3 – құрылыс; 4 – көлік; 5 – сайланыс; 6 – сауда; 7 – өзге де салалар

ЖІӨ-нің құрылымындағы қызмет көрсетулер өндірісінің үлесі 56,4%-ды құрады. Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызметтер көрсету – 16,2%, білім беру – 3,5%, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету – 1,9%, мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру – 2,4%, қаржы қызметі –6,1%, коммуналды, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету – 1,7%, қонақ үйлер мен мейрамханалар – 0,7% құрады.

2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ

Ағымдағы жылдың мамыр-маусым айларындағы өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқынының бәсеңдеу үрдісі 2007 жылдың шілдесінде жалғасуда, (нақты көлем индекстері алдындағы жылдың тиісті айына тиісінше 102,3, 101,7 және 99,2%-ды құрайды). Бұл ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесіндегі өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексінің 105,6%-ға одан әрі қарай қысқаруына әкелді (сол уақытта қаңтарда – 109%, қаңтар-ақпанда және қаңтар-наурызда – 109,6%, қаңтар-сәуірде – 109,5%, қаңтар-мамырда – 108,1%, қаңтар-маусымда – 106,8%). Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде қолданыстағы бағаларда 4031,4 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өндіріс көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады.

Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



Тұтастай өнеркәсіп бойынша көрсеткіштер құруға кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етеді, себебі республикалық өндіру көлеміндегі оның үлесі соңғы жылдары өсіп, 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 56,1%-ды құрады (2000-2003 жылдары ол 46-48%-ды құраған). Өңдеу өнеркәсібіне өнеркәсіп өнімінің барлық көлемінің 38%-ы келеді, 2000-2003 жылдары 47-43% болған.

2006, 2007 жылғы қаңтар-шілдедегі өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы



Кен өндіру өнеркәсібінде 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 2261,2 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл 2006 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейден 4,1%-ға жоғары, бұл Атырау және Маңғыстау облыстарының негізгі кәсіпорындарында шикі мұнай және ілеспе газ өндіру көлемінің 4,4%-ға артуы есебінен болып отыр. Сондай-ақ, темір кендерін өндіру көлемі темір кендері мен теміркенді шекемтастарды өндірудің өсуі есебінен 5,8%-ға өсті. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысында тау жұмыс жоспарына сәйкес мыс қойыртпасындағы мыс өндірісінің төмендеуі негізінен түсті металл кендерін өндіру (98,1%); Қарағанды облысында кеніштерде қайта салу, жабдықты құрастыруға байланысты мыс кенін шығару; Павлодар облысындағы өнімге деген сұранысқа сәйкес көмір және лигнит өндіру (96,0%) қысқарды.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



Өңдеу өнеркәсібінде 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 1532,7 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Аталған экономиқалық қызмет түрінің өсу қарқыны орташа республикалық деңгейден асып түсті. 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде нақты көлем индексі 107,9%-ды құрады, республика бойынша 105,6% болған. Саладағы өнімнің орташа айлық өсімі ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде 10,5 %-ды құрады.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына %-бен



2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 328,6 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімі өндірілді, соның ішінде тамақ өнімдерін өндіру, сусындарды қоса, 293 млрд. теңгені құрады, бұл негізінен жеміс пен көкөніс шырындары, өңделген сұйық сүт және кілегей, дайындалған және консервіленген балық, ұн, шұжық өнімдері, рафинатталмаған күнбағыс майы, макарон және кондитерлік өнімдерді шығарудың артуы есебінен 2006 жылдың қаңтар-шілдесінен 6,7%-ға көп болды. Сондай-ақ, сусындарды өндіру өсті, олардың үлесі осы экономикалық қызмет түрлері көлемінің бірден бес бөлігін құрайды. Өндірістің өсуі Алматы, Костанай облыстарының және Алматы қаласының кәсіпорындарында қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, Жамбыл және Алматы облыстарының кәсіпорындарында қайта өңдеуге шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты қант өндірісі сияқты (2006 жылдың қаңтар- шілдесінің деңгейіне 58,1%) өзге де тамақ өнімдерінің шығарылуы қысқарды.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде тоқыма және тігін өнеркәсібінде 18,1 млрд. теңгеге өнім өндірілді. 2006 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда нақты көлемінің индексі 84,3%-ды құрады. Қайта өңдеуге шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты мақта талшығының шығарылуы тоқтатылды (Оңтүстік Қазақстан облысы). Ағымдағы жылы қоймаларда тауарлардың өте көп жиналып қалуына және өнімге деген

тапсырыстың болмауына байланысты кілем және кілем бұйымдарын, мақта-мата шығаруы төмендеді. 2007 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша аталған өнімдердің қалдығы ірі және орта кәсіпорындарда тиісінше 26 және 1714 мың шаршы метрді құрады. Сонымен қатар, свитерлер, жемпірлер, пуловерлер және осыған ұқсас заттарды; қалпақтар және табиғи үлбірден бас киімдер шығаруы өсті.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 1,2 млрд теңгенің былғары және былғарыдан жасалған бұйымдары мен аяқкиімдері өндірілді, бұл 2006 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейден 24,7%-ға жоғары, ол негізінен Қостанай облысы мен Алматы қаласының кәсіпорындарында аяқкиімдер және Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының кәсіпорындарында ірі қара малдың немесе жылқы тектес жануарлардың терісінен жасалған былғары шығарудың артуы есебінен болды. Сонымен бірге, шикізаттың жетіспеушілігіне байланысты қойдың, ешкінің және шошқаның терісінен жасалған былғары шығаруы қысқарды (Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары).

Сүрек өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар шығару көлемі 2007 жылдың қаңтар- шілдесінде 4,4 млрд. теңгені немесе 2006 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге 115,7% құрады. Ағаштан жасалған, сіндірілген теміржол немесе трамвай шпалдарын; құрылыстың құрама ағаш конструкцияларын; ағаш жәшіктері; терезелер, есіктер және олардың рамаларын шығару артты. Сонымен бірге, ағаш талшығынан жасалған тақталар өндірісі - 55,5%-ға (Шығыс Қазақстан облысы) және ағаш жаңқасынан жасалған тақталар (Павлодар облысы) өндірісі - 80%-ға қысқарды.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде және баспа ісінде 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 36,1 млрд. теңгеге өнім өндірілді, бұл өткен жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге 102,2%-ды құрады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қағаз және кеңірдектелген қағаз; қағаз қаптар мен пакеттер; газеттер, журналдар және мерзімдік басылымдар шығаруы артты. Сонымен қатар, сұраныстың азаюына сәйкес Қостанай, Алматы облыстарының және Алматы қаласының кәсіпорындарында тұсқағаз; қағаздан немесе қатырма қағаздан жасалған заттаңбалар және құлақша қағаздар; кітаптар, кітапшалар және соған ұқсас баспа материалдарын және электрондық түрдегі материалдар шығаруы (67,4% - 91,9%) төмендеді. Мысалы, Қостанай облысынан жөнелтілген тұсқағаз, ірі және орта кәсіпорындармен өндірілген көлемнің 74,4%-ын, Алматы қаласынан жөнелтілген тұсқағаз – 72,1%-ды құрады. Нәтижесінде тұтастай республика бойынша 2007 жылғы 1 шілдеге сақтау орындарында осы өнім жыл басына қарағанда 1,5 есе артық жиналды.

2007 жылдың қаңтар-шілдедегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы

2007 жылдың қаңтар- шілдесінде кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдарды өндіруде өнім 98,8 млрд. теңгеге шығарылды, бұл негізінен кокс және жартылай кокс, керосин, мотор отынын (бензин), сұйытылған пропан және бутан, газойль, бензиннен ажыратылған газ, көмірсутекті сұйытылған газдар өндіруді арттыру есебінен өткен жылдың тиісті кезеңінен 14,4%-ға жоғары. Өндірістің артуын Атырау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары кәсіпорындарымен қамтамасыз етілді, олардың үлесіне республикалық мұнай өнімдері көлемінің 93%-ынан астамы келеді. Сонымен бірге, Атырау облысында (64,6%) мұнай жеткізу көлемінің азаюына және жылжымалы құрамы жоқтығынан; Павлодар облысында (69%) өңдеуге арналған өңделме шикізатының жетіспеушілігінен және зауыттың күрделі өңдеуге тоқтауынан; Оңтүстік Қазақстан облысында (89%) өңделме шикізатын жеткізушілердегі өнімдерді өткізу рыногының шектелуіне байланысты жанатын мазуттың (71,3%) шығаруы қысқарды.

Химия өнеркәсібінде 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 39 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар (Маңғыстау облысы); фосфор; ортофосфор (фосфор)

қышқылын; натрий трифосфатын; хромды ангидрид; хром тотығын; натрий бихроматын және трифосфат; фармацевтикалық препараттар шығаруды арттыру есебінен 2006 жылғы қаңтар-шілдедегіден 36,2%-ға жоғары. Ағымдағы жылда, Солтүстік Қазақстан облысында дәнді дақылдардан жасалған биоотын (биоэтанол) өндірісі басталды, бұл отын қаңтар-шілдеде 2228 тонна шығарылды. Мұның өзінде, өнімге деген сұраныстың төмендеуі салдарынан, тиісінше хром илегіш (Ақтөбе облысы) және күкірт қышқылын (Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары) шығару қысқарды. Қытайға жеткізілім көлемінің азаюынан және күкірт қышқылының жетіспеушілігіне байланысты – Жамбыл облысында минералдық немесе химиялық фосфорлы тыңайтқыштар өндіруі қысқарды.

2007 жылдың қаңтар- шілдесінде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде 23,9 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, бұл пластмассадан жасалған қораптар, жәшіктер, тор ыдыстар; пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер; пластмассадан жасалған есіктер және терезелер; конвеерлық резеңке ленталар шығаруды арттыру есебінен өткен жылдың қаңтар-шілдесі деңгейінен 18,7%-ға жоғары. Сонымен бірге, жасасқан келісім-шарттарға сәйкес (Қарағанды облысы) резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жең және шлангілер шығару төмендеді.

Өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінде 2007 жылғы қаңтар-шілдеде 118,5 млрд. теңгенің өнімі шығарылды, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 19%-ға жоғары, бұл негізінен құрылыс қоспаларының, тауарлық бетон; цемент; ғанышкартон; бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкцияларын; әк өндіруінің арттыруы есебінен (106,8%-дан – 133%-ға дейін) болды. Мұнымен қатар, сұранысқа сәйкес шыныдан жасалған бөтелкелер, қалбырлар және флакондар; өзге де шыны талшықтар бұйымдар шығаруы қысқарды (Алматы, Маңғыстау облыстары).

Металлургия өнеркәсібінде және металдан жасалған дайын бұйымдар өндірісінде ағымдағы жылдың басынан бері өндіріс қарқыны бәсеңдетілді. Сонымен, нақты көлем индексі қаңтардағы 114%-дан қаңтар-шілдеде 103,7%-ға дейін төмендеді. Өткен кезеңде 696,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді, оның ішінде қара және түсті металлургия өнімі – тиісінше, 231,5 және 405,4 млрд. теңге. Сала үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 45%-нан астамы келеді. Қара металлургияда болаттан жасалған құбырлар және қуыскеуекті профильдер, жайма илек, болат, шойын және ферроқорытпалар шығаруды арттыру есебінен, өндіріс 9,4%-ға өсті. Түсті металдар өндірісінде негізінен тазартылған мыс өндіруді арттыру есебінен нақты көлем индексі 100,7% құрады, оның үлесіне осы саланың 49%-ына жуығы келеді. Сонымен қатар, өзге де өңделмеген алтын; аффинаждалған алтын және күміс шығару қысқарды. Төмендеу, негізінен кендердің құрамындағы металдың аз болуына жетіспеушілігіне байланысты Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының кәсіпорындары есебінен болды.

Дайын металл бұйымдарын өндіру 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 2006 жылғы қаңтар- шілдедегі деңгейге 95,5% құрады, бұл қымбат емес металдармен қапталған электродтардың; орталық жылыту жүйесіне арналған радиаторлар мен қазандар шығаруын азайтуға байланысты өнімге деген тапсырыстың жоқтығынан болды. Сонымен қатар, мұнай және мұнай өнімдеріне арналған цистерналар, кеспектер және қара металдан жасалған сыйымдылығы 50-300 литр цистерналар, бөшкелер, барабандар; раковиналар, ванналар мен жуғыштар шығаруы өсті.

2007 жылдың қаңтар-шілдесіндегі өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Машиналар мен жабдықтар шығаруда 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 45,2 млрд. теңгенің өнімі шығарылды немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 17%-ға жоғары. 2006 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейге қарағанда тұрмыстық кір жуғыш және киім құрғатқыш машиналар; мойынтіректер; орталықтан

тебетін сорғылар; жинау машиналар шығаруы артты. Ағымды жылғы шілдеде ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар шығаруы қайта жаңартылды (Жамбыл облысы). Мұнымен қатар, сұранысқа сәйкес кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар және мұнай-газ өңдейтін жабдықтар шығару қысқарған (Алматы қаласы).

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтар 33,1 млрд. теңгеге өндірілген. Ағымдағы жылдың басынан бері осы сала біркелкі дамыған жоқ, бұл сұраныстың төмендеуі және кәсіпорындардың қоймаларындағы дайын тауарлардың көптігіне байланысты болды. Мәселен, егер қаңтарда нақты көлем индексі өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 106,6%, қаңтар-наурызда – 99,4%, қаңтар-мауысымда – 108,6% құраған болса, қаңтар-шілдеде – 103,3% құрады. Электр аккумуляторлар, трансформаторлар және конденсаторлар; цифрлық есептеу машиналар; оқшауландырылған сымдар мен кабельдер шығару өсті. Мұнымен қатар, тапсырыстың азаюына байланысты, магнитофондар (54,1%) және теледидарлар (13,3%) шығару (Алматы қаласы) төмендеген, бұл өнімдер қалдығы тиісінше, ірі және орта кәсіпорындарда 7,6 мың және 24,0 мың дана құрады.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде көлік құралдары мен жабдықтарын өндіру 63 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 9,3%-ға жоғары. 2006 жылдың қаңтар-маусымындағы деңгейге қарағанда жүк тасымалдайтын, жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығаруы артқан. Сонымен бірге, тапсырыстың жоқтығынан арнайы және мамандандырылған автомобильдер және қозғалтқыштар бөлшектері 2006 жылғы қаңтар-шілдедегіден аз шығарылған.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 26,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілген, бұл өткен жылдың тиісті кезеңінен 17,2%-ға жоғары. 2006 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейге қарағанда арнайы отыруға арналған жиһаз; ағаштан жасалған кеңсе жиһазы; ас үйге арналған жиһаз және ағаш төсектер шығару өсті. Мұның өзінде, сұранысқа сәйкес матрас, ас және қонақ бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз, спорт тауарларын өндіру төмендеді.

2007 жылдың қаңтар- шілдесіндегі электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы



Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде жыл басынан бері өндіріс көлемі тұрақты өсіп келеді. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтарында нақты көлем индексі өткен жылмен салыстырғанда 97,1%-ды құраған болса, қаңтар-шілдеде – 105,2% болды.

Электр энергиясын өндіру 2007 жылдың қаңтар- шілдесінде 43,7 млрд. кВт. сағ. құрады немесе 2006 жылдың қаңтар-шілдесіндегі деңгейден 5,2%-ға жоғары, мұны Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Астана қаласының кәсіпорындары қамтамасыз етті.

Жылу энергиясын өндіру 48,3 млн. Гкал құрады немесе өткен жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 3,2%-ға төмен, бұл негізінен сұраныстың төмендеуіне және осы саладағы кәсіпорындарда жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болды. Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан және Астана қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс қысқарды.

Электр энергиясың, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына, %-бен



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде тұтастай республика бойынша (бағалау бойынша) ағымдағы бағада 275,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылдың тиісті кезеңіндегіден 3,9%-ға көп.



Өсімдік шаруашылығы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің алдын ала деректері бойынша 2007 жылдың 2 тамызындағы жағдай бойынша дәнді дақылдардың жиналуын 5 облыста: Алматы, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүргізді. Тұтастай алғанда аталған өңірлер бойынша дәнді дақылдар жинауға жататын алқаптың 43,9%-ынан (720,2 мың га) жиналды, оның ішінде Жамбыл облысында – 88,0%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 68,8%, Алматы облысында – 48,0%, Қызылорда облысында – 11,2%, Батыс Қазақстан облысында – 8,6%.

Жиналған алқаптан 1156,7 мың гектар астық бастырылды (бастапқы кіріске алынған салмағында), бұл өткен жылғы бастырылған 1051,0 мың тоннадан 10,1%-ға жоғары. Дәнді дақылдардың сәтті жиналуын Оңтүстік Қазақстан (өткен жылғы деңгейге 135,0%) және Алматы (116,3%) облыстарының шаруашылықтары жүргізді. Сонымен қатар, Қызылорда облысында өткен жылғыға қарағанда 13,6 мың тон-

наға (20,9%-ға аз), Батыс Қазақстан облысында – 56,2 мың тоннаға (17,0%-ға) және Жамбыл облысында – 370,8 мың тоннаға (3,4%-ға) аз астық бастырылды.

Аталған күнге егіннің шығымдылығы 1 гектардан 16,1 центнерді құрады, бұл өткен жылы 12,8 центнер болған. Қазіргі уақытта дәнді дақылдарды жинап жатқан 5 облыстың ішінен егін шығымдылығының едәуір жоғарланғаны Батыс Қазақстанда - 1 гектардан 12,3 центнер, 2006 жылы - 6,8 ц/га, Оңтүстік Қазақстанда – 20,0 және 12,6 байқалды. Жамбыл облысында егін шығымдылығы 1 гектардан 12,9 центнерді құрады, бұл өткен жылға 111,2%, Алматыда –тиісінше 18,4 ц/га және 104,6%. Қызылорда облысында егін шығымдылығы өткен жылғы деңгейден 10,5%-ға төмен болып, 14,5 ц/га құрады.

2 тамызындағы жағдай бойынша бастырылған дәнді дақылдар, мың тонна



Мал шаруашылығы

Ағымдағы жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша өткен жылдың тиісті күнімен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында төл алу және сатып алу санының өсуі есебінен ірі қара мал (3,2%-ға), қой мен ешкі (5,9%-ға), шошқа (1,8%-ға), жылқы (5,2%-ға), түйе (4,3%-ға) және құс (6,0%-ға) санының өсуіне қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының саны, мың бас



2007 жылдың қаңтар-шілдесінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ет өндірісінің өсуі союға өткізудің артуы және малдың тірілей орташа салмағының өсуі есебінен 104,1% құрады. Шошқадан басқа мал мен құстың барлық түрлерінде малды және құсты союға өткізу – 101%-дан 106%-ға дейін артты. Ірі қара малдың бір басының тірілей орташа салмағы 1,3%-ға өсті.

Сауылатын сиырдың басының орташа санының 1,7%-ға және бір сиырға сүттің орташа сауылуы 1,2%-ға өсуі есебінен сиыр сүтінің өндірісі 2,9%-ға өсті.

Жұмыртқа өндірісінің өсуі (4,0%-ға) мекиен тауықтардың орташа санының 3,8%-ға өсуі есебінен болды, бірақ бір мекиен тауықтың орташа жұмыртқалауы өткен деңгейде қалды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру



2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2007 жылғы қаңтар-шілдеде құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, жете бағалауды ескере отырып, 629,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 30,9%-ға көп.

Орындалатын жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыстың үлесі аса көп, оның көлемі 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 1,7 есе өсіп, жалпы көлемнің 39,8%-ын құрады (2006 жылғы қаңтар-шілдеде – 34,1%).

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы қомақты – 78,1%. Шетелдік мердігерлер 21,2%-ын, мемлекеттік ұйымдар 0,7%-ын орындалды.

2007 жылғы қаңтар-шілдеде 37790 үй салынды, оның ішінде 33073 тұрғын және 4717 тұрғын емес мақсаттағы. Есепті кезеңде 3412 көлік және байланыс, 818 - сауда, 177 - әлеуметтік-мәдениет мақсатындағы объектісі іске қосылған. Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы іске қосылған объектілердің үлесі мардымсыз болып қалған, бірге алғанда 0,6% құрады.

Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері

алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен



Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда республиканың 15 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының қомақты өсуі Ақмола (3,5 есе), Павлодар (2,1 есе), Маңғыстау (1,6 есе), Қарағанды (1,5 есе) облыстарында байқалды.

Жалпыреспубликалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Алматы, Астана қалалары және Атырау облысы едәуір үлес алады (жалпы көлемнің барлығы 61,5%-ы).

Құрылыс жұмыстарының өңірлері бойынша нақты көлем индекстері

алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен



Тұрғын үй құрылысы

2007 жылғы қаңтар-шілдеде негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінің 17,3%-ы тұрғын үй құрылысына жұмсалды (259,1 млрд.теңге), бұл өткен жылдың тиісті кезеңінде игерілген инвестициядан 1,6 есе көп. Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және тұрғындар жалпы ауданы 4580,9 мың шаршы метр болатын тұрғын үйді іске қосты, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдедегі деңгейден 57,1%-ға жоғары.

Есепті кезең ішінде республикада орта есеппен халықтың 1000 адамына шаққандағы іске қосылатын тұрғын үйлердің жалпы ауданы 296 шаршы метрден келеді (2006 жылғы қаңтар-шілдеде 191 шаршы метр).

Іске қосылған тұрғын үйлердің нақты көлем индекстері

алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен



Жеке меншік кәсіпорындары, ұйымдары және халықпен іске қосылған тұрғын үйлердің үлесі аса комақты болып қалды (іске қосылған тұрғын үйлердің жалпы көлемінің 94,6%-ы), оның ішінде негізгі көлемін жеке меншік тұрғын үй құрылысы алады (75,7%).

Салынған тұрғын үй көлемінің артуы республиканың 14 өңірінде байқалады. Көлемнің едәуір өсуі Атырау (3,4 есе), Шығыс Қазақстан, Қарағанды (2,1 еседен), Қостанай, Маңғыстау (1,5 еседен), және Ақмола (1,4 есе) облыстарында, сондай-ақ Астана (2,1 есе) және Алматы (1,4 есе) қалаларында байқалды.

Тұрғын үй құрылысының құны. 2007 жылғы қаңтар-шілдеде тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының нақты орташа құны 37,8 мың теңгені құрады (2006 жылғы қаңтар-шілдеде – 34,3 мың теңге) немесе 5%-ға өсті, соның ішінде халықтың салғаны – 25,7 мың теңге (2006 жылғы қаңтар-шілдеде – 25,1 мың теңге).

2.5 КӨЛІК

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 192796,5 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылдың қаңтар-шілдесіндегі жүк айналымынан 5,7%-ға артық.

Темір жол көлігінің жүк айналымы ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде 110658,5 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдесіндегіге қарағанда 5,7%-ға жоғары, бұл республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 31403,5 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылдың қаңтар-шілдесіндегіден 11,5%-ға артық. Автомобиль тасымалы бұрынғысынша жүк айналымының едәуір үлесін құрайды, бұл жеке кәсіпкерлердің жанданып келе жатқан іскерлік белсенділігіне байланысты.

Магистралдық құбырдың жүк айналымы ағымдағы жылғы қаңтар-шілдеде 50663,3 млн. ткм құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда 2,4%-ға көп. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнай тасымалдау 24174,0 млн. ткм (Құмкөл-Атасу-Алашанькоу бағыты бойынша мұнай айдау есебінен 2006 жылдың қаңтар-шілдесіне 5,7%-ға өсуі), газ – 26489,3 млн. ткм (тұтынудың төмендеуі есебінен 0,4%-ға төмендеді) құрады.

Су жолының ашылуынан бастап **өзен көлігінің** жүк айналымы 29435,25 мың ткм құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден шамаман 2 есеге артық.

Әуе көлігінің жүк айналымы 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 40290,02 мың ткм құрады немесе 2006 жылдың қаңтар-шілдесіне 9,4%-ға өсті.

Жүк айналымының серпіні

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



Жолаушылар айналымының тұрақты өсу үрдісі бар (2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 2006 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда өсуі – 4,9%-ға), бұл халық қозғалысының және сапарлар ұзақтығының артуына байланысты. 2007 жылғы қаңтар-шілдеде республика көлігінің жолаушылар айналымы 66494,5 млн. жкм құрады. 2006 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда темір жол көлігінің жолаушылар айналымы 20,2%-ға, автобустағы жолаушылар айналымы - 0,8%-ға, таксиде – 3,7%-ға, әуе көлігінде – 39,3%-ға өсті; ал троллейбустағы жолаушылар айналымы – 15,8%-ға, трамвайда – 1,4%-ға төмендеді. Тұтастай алғанда, жолаушылар ағыны тұрақты өсіп келеді. Бұл тасымалдауларды ұйымдастырудың жақсаруына және халықтың экономикалық белсенділігінің артуына байланысты.

Жолаушылар айналымының құрылымы



2.6 БАЙЛАНЫС

Байланыс қызметінің едәуір өсуі республикада жаңа буын телекоммуникация желілерінің құрылуына, жаңа қызмет түрлерінің – бейнетелефония, дыбыстық, мәтіндік және мультимедиялық хабарламалар жіберу қызметтерінің ұсынылуына, сондай-ақ тарифтердің едәуір төмендеуіне, тұрақты тұтынушылардың белсенділігінің артуына және жаңа тұтынушылар тартуға байланысты болды. 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 190,4 млрд. теңге сомада қызмет көрсетті, олардан халыққа көрсетілгені – 77,2 млрд. теңге, бұл 2006 жылдың қаңтар-шілдесінен салыстырмалы бағада тиісінше – 32,7% және 31,8%-ға көп.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



Телекоммуникациялық рыноктың дамуына жаңа қуаттарды іске қосу, Интернеттің, жедел әрекетті байланыстың ұдайы дамуы және үлкен корпоративтік желілердің құрылуы ықпал етеді.

Байланыс қызметтерінің серпіні

өткен жылдың тиісті айына %-бен



2007 жылдың қаңтар-шілдесінде байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс алады – 50,8%. 2006 жылдың қаңтар-шілдесімен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 45,1%-ға өсті.

Байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы

пайызбен



Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыстар 40,5% құрады. 2007 жылдың қаңтар-шілдесінде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 58,5%-ды жедел әрекетті байланыс қызметтерінен, 20,8%-ды - қалааралық, халықаралық байланыс қызметтерінен, 10,4%-ды - жергілікті телефон байланысы қызметтерінен, 10,3% - байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрады.

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар

млн. теңге



2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2007 жылдың қаңтар-шілдесінде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 988,9 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 10,9%-ға өсті. 2007 жылдың шілдесінде тауар өткізу 156,7 млрд. теңгені құрады, бұл тұрақты бағалармен есептегенде 2006 жылдың шілдесіндегі деңгейден 9,9%-ға жоғары, 2007 жылғы маусыммен салыстырғанда өсу 2,4% құрады.

2006-2007 жылдардың айлары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні

өткен жылдың тиісті айына пайызбен



Қаңтар-шілдеде тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 64,0 мың теңгені құрады, бұл 2006 жылдың осы кезеңіндегіден 9,4 мың теңгеге жоғары.

2007 жылғы қаңтар-шілдедегі өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері

(өткен жылға пайызбен)



Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады.

Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тауарлар өткізуінен, базарлардағы саудадан және жеке кәсіпкерлер саудасының айналымынан 958,1 млрд. теңге (96,9%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарынан – 30,6 млрд. теңге (3,1%) алынды. Республикадағы мемлекеттік сауданың үлесі мардымсыз.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

(жалпы көлемге %-бен)



2007 жылғы қаңтар-шілдеде бөлшек сауда тауар айналымын көп жағдайда (бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінің 75,8%-ы) саудамен айналысатын кәсіпорындар және қызметін негізінен тұрақты сауда орындарында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер құрады.

Бөлшек сауда тауар айналымының өсуі, ең алдымен, саудамен айналысатын кәсіпорындар тауар айналымының нақты көлемінің артуына (өткен жылдың тиісті кезеңіне 25,6%) байланысты екендігін айта кету керек. Бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде қызмет көрсету мәдениетінің жоғары деңгейімен және сапалы тауарлардың мол түрімен қамтамасыз етілетін кәсіпорындар үлесі де (2006 жылғы қаңтар-шілдедегі 45,1%-дан 2007 жылғы қаңтар-шілдедегі 51,1%-ға дейін) тоқтаусыз өсуде.

Соңғы кезде тұрақты сауда желілері қызметінің дамуына сауданың қазіргі заманғы және озық нысандарын енгізу оң әсер етіп отыр.

Барлық өңірлерде дерлік сауда кәсіпорындарында ұзақ пайдаланатын тауарларды кредитке сату енгізілуде. Төлемдік электрондық кәртішкелерді пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз сату кең өріс алуда.

Алматы, Астана қалаларында және республиканың басқа да ірі қалаларында супермаркеттер, гипермаркеттер желісі көбеюде, оларда сатып алушылар ең қысқа мерзімде салыстырмалы түрде қолайлы бағалар бойынша қажетті тауарлардың барлық түрлерін сатып ала алады.

Тауар айналымын қалыптастыруда жеке кәсіпкерлік елеулі үлес алады, ол есепті кезеңде 24,7% дейін өсті, 2006 жылғы қаңтар-шілдеде 23,0% болған.

Көлемнің төмендеуіне қарамастан (бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемінде 2006 жылғы қаңтар-шілдедегі 31,9%-дан 2007 жылғы қаңтар-шілдедегі 24,2%-ға дейін), республикада жеке адамдардың базарларда сауда жасауы да орын алып отыр, ондағы бағаның қолайлылығы бөлшек сауданың осы саласындағы сатып алудың айтарлықтай өтімділігін қамтамасыз етеді. Бұндай жағдай республиканың барлық өңірлерінде қалыптасқан.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылдың басынан бастап 2445,7 млрд. теңгені құрады немесе 2006 жылғы тиісті кезеңнен 9,4% көп болды. Мұнда, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2007 жылғы қаңтар-шілдеде қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 37,5 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңінен 20,5%-ға көп болды. Мұнда қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 18,3%-ы жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 8,8 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің басым бөлігі (46,1%) шағын кәсіпкерлік саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ МОНИТОРИНГІ

Рынокта белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны (2007 жылдың 1 тамыздағы жағдай бойынша) өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 9,8%-ға өсіп, 579017 бірлікті құрады, соның ішінде 51655 заңды тұлғалар, 359686 – жеке кәсіпкерлер және 167676 шаруа қожалықтары. Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 8,3%-ға өсіп, 1739936 адамды құрады. Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2007 жылғы қаңтар-шілдеде шығарылған өнімдері (тауарлар, қызмет көрсетулер) өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 15%-ға көбейіп, 929429 млн. теңгені құрады.

	Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны (1 тамыздағы жағдай бойынша), бірлік		Жұмыспен қамтылғандардың саны, (1 тамыздағы жағдай бойынша), адам		Қантар-шілдедегі өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару, млн. тенге	
	2006	2007	2006	2007	2006	2007
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	527136	579017	1606785	1739936	747932	929429
Ақмола	24941	26540	68669	73954	22861	26902
Ақтөбе	16901	23517	60393	62732	22840	27957
Алматы	64541	75663	174061	201071	79404	82650
Атырау	22888	26866	52037	56759	45891	55506
Шығыс Қазақстан	46473	52826	138516	147959	38355	47718
Жамбыл	31223	31363	108749	140169	14997	20365
Батыс Қазақстан	17231	19158	47218	53482	31727	37826
Қарағанды	32957	34460	105161	107888	35065	43639
Қостанай	33542	39125	88939	93729	23683	30525
Қызылорда	15041	15182	33406	35461	25459	36369
Маңғыстау	14850	18698	34517	44778	19959	31970
Павлодар	22155	24084	67818	75924	34297	39779
Солтүстік Қазақстан	20598	21196	63065	63200	23347	27433
Оңтүстік Қазақстан	95399	95616	243248	244814	38125	49822
Астана қаласы	22554	24254	98301	112222	100049	140944
Алматы қаласы	45842	50469	222687	225794	191873	230024

Шағын кәсіпкерлік субъектілері саны өсуінің негізгі факторлары шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде қолдау, ұйымдастыру және экономикалық тетіктерді жетілдіру шараларының жүйесі болып табылады, соның нәтижесінде кәсіпорынның қызмет көрсету аясының кеңеюі және кәсіпорынның экономикалық нығаюы байқалады.

2007 жылғы 1 тамызға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тіркелген заңды тұлғалардың саны 184,3 мың бірлікті құрады, бұл 2006 жылғы 1 тамыздан 9,7%-ға жоғары. Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны 1000 тұрғынға есептегенде, 2006 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 0,9 бірлікке көбейіп, 11,9 бірлікке жетті.

1000 тұрғынға шаққандағы шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны бойынша өңірлерді бөлу



Республиканың барлық өңірлерінде тіркелген кәсіпорындардың 1000 тұрғынға шаққандағы санының өсуі белгіленді. Тіркелген кәсіпорындар санының ең көп өсуі Астана (4,1 бірлікке), Алматы қалаларында (2 бірлікке), сол сияқты Маңғыстау облысында да (1,2 бірлікке) едәуір өсіп отыр, басқа өңірлерде көрсеткіштің өсуі 0,2-тен 0,9 бірлікке дейін ауытқып отырды.

Тіркелген кәсіпорындары санынан белсенділердің үлесі 28,0% құрады. Белсенді кәсіпорындардың көпшілігі (35,9%) саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеуге маманданады. Құрылыста – 17,4%, жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсетуде – 15,2%, өнеркәсіпте – 12,0%, олардың басым көпшілігі өңдеу өнеркәсібіне (91,5%) келетін кәсіпорын белсенді жұмыс істеуде. Шағын бизнес кәсіпорындары аса белсенді Алматы және Астана калаларында дамуда, олардың үлесі тиісінше 26,0% және 9,5% құрайды. Өңірлік бөлініс тіркелгендердің жалпы санында белсенді кәсіпорындардың ең көбі Қызылорда (42,5%), Маңғыстау (40,7%), Батыс Қазақстан (39,7%) және Атырау (39,0%) облыстарына келеді. Белсенді кәсіпорындардың ең аз үлесі - Павлодар (26,2%) облысы, Астана (25,3%) және Алматы (20,8%) қалаларында.

Есептік деректер бойынша 2007 жылғы 1 тамызға өткен жылды салыстырғанда тұтастай ел бойынша шағын бизнес кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 5,6%-ға өсіп, 603,8 мың адамды құрады.

Есепті кезеңнің басындағы жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам



Салалық бөлініс белсенді жұмыс істейтін кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар барлық жұмыскерлердің 27,1%-ы - сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдарды және жеке пайдаланатын заттарды жөндеу, 22,4%-ы - құрылыс; 14,1%-ы - өнеркәсіп, 14%-ы - жылжымайтын мүлікпен операциялар жасау, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету салаларына келеді. Облыстардың көбінде шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарында жұмыспен қамтылғандар санының өсуі байқалды. 2007 жылғы 1 тамызда жұмыспен қамтылғандар санының ең көп өсуі өткен жылдың осы көрсеткішімен салыстырғанда Маңғыстау (1,4 есеге), Қызылорда (1,2 есеге), Павлодар (1,2 есеге), Ақмола (10,9%-ға), Батыс-Қазақстан (9,7%-ға) облыстарында белгіленді. Республиканың қалған өңірлерінде өсу мардымсыз болды.

Жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (0,2-ден 6 пайыздық пунктке дейін) байқалды. Кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың орташа тізімдік санының төмендеу себебі, ең алдымен, процестердің шағын кәсіпкерлікке тән серпінділігі: кәсіпорын мәртебесінің (ірі немесе орта болып) өзгеруі және оның жеке кәсіпкерлік аясына қайта тіркелуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы шағын бизнес кәсіпорындарының өнім шығаруы
(өткен жылдың тиісті айына %-бен)



2007 жылғы шілдеде шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары шығарған өнім есептелген деректер бойынша өткен жылдың шілдесіне қарағанда 10%-ға өсті. Өнім шығаруының өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалады, ал аса көп өсуі Маңғыстау, Жамбыл, және Қызылорда облыстарында белгіленді.

4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2007 жылғы қаңтар-маусымда 36601,6 млн. АҚШ долларын құрады және өткен жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 34,2%-ға өсті, оның ішінде экспорт – 21806,6 млн. АҚШ доллары болып, 25,8%-ға өсті, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға байланысты шығыстарды есепке алғанда) – 14795 млн. АҚШ долларын құрап, 48,8%-ға өсті.

Экспорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары Италия (16,4%), Швейцария (16,1%), Қытай (12,4%), Ресей Федерациясы (10%), Франция (8,4%), Иран (5,5%), Нидерланды (4,8%), Украина (2,2%), Түркия (2%), Өзбекстан (1,9%), Испания (1,8%), Израиль және Румыния (1,7%-дан), Ұлыбритания (1,4%), Германия (1,1%) болып табылады.

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 16,5% құрады (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 14,4%).

Импорттың тауарлық құрылымы

қорытындысына %-бен



2007 жылғы қаңтар-маусымда инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 6761,2 млн. долларды немесе 45,7% құрады (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 4721,3 млн. АҚШ доллары немесе 47,0%).

2007 жылғы қаңтар-маусымда барлық импорттық жеткізілімдердің 43,9% ТМД елдеріне (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 46,2%) келді. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей Федерациясы (импорттың жалпы көлемінің – 34,9%-ы), Қытай (10,4%), Германия (7,9%), АҚШ (5,6%), Украина (4,6%), Жапония (4,4%), Италия (3,9%), Франция (2,9%), Түркия (2,8%), Ұлыбритания (2%), Корея Республикасы және Өзбекстан (1,7%-дан), Нидерланды (1,4%), Польша (1,3%), Беларусь (1,2%), Швейцария (1,1%) болып табылады.

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылғы қаңтар-маусымда ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 10086,0 млн. АҚШ долларын құрады және 2006 жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда 42%-ға өсті, оның ішінде экспорт – 3595,6 млн. доллар болып, 43,9%-ға өсті, импорт – 6490,4 млн. долларды құрап, 41%-ға өсті.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 27,6% (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 26%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-маусымда ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 49% (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 52%), азық-түлік тауарлары – 12% (12%), химиялық өнімдер – 16% (15%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-маусымда ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі 25% (2006 жылғы қаңтар-маусымда - 28%), минералды өнімдер – 27% (27%), металлургиялық өнімдер - 18% (16%), химиялық тауарлар – 10% (10%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химиялық және металлургиялық өнімдердің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2007 жылғы қаңтар-маусымда осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстардың көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 94% (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 92%), металлургиялық өнімдер – 58% (78%), азық-түлік тауарлары – 61% (53%), химиялық тауарлар – 38% (40%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2007 жылғы қаңтар-маусымда әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 26515,6 млн. АҚШ долларын құрап, өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 31,3%-ға өсті, оның ішінде экспорт – 18211,0 млн. АҚШ доллары болып, 22,7%-ға өсті, импорт – 8304,6 млн. АҚШ долларын құрап, 55,1%-ға өсті.

Әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералды шикізаттың үлес салмағы 2007 жылғы қаңтар-маусымда 73% (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 78%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 18% (15%) құрады.

2007 жылғы қаңтар-маусымда әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдарының, аспаптар мен аппараттардың үлесі 63% (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 60%), азық-тулік тауарлары – 5% (7%), химия өнімдері – 12% (13%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 11% (10%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдерінің көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 2007 жылғы қаңтар-маусымда 76% (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 71%), фармацевтикалық тауарлар - 89% (85%), киім – 82% (85%), азық -түлік тауарлары – 39% (47%) құрады.

5. ТАУАР НАРЫҒЫ

2007 жылғы бірінші жартыжылдықта республиканың экономикалық айналымындағы табиғи отын-энергетикалық ресурстар шартты түрдегі отынға есептегенде 83,2 млн. тоннаны құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-маусымнан 0,5%-ға көп. Олардың құрылымындағы негізгі үлесті, әдеттегідей, шикі мұнай және көмір алады.

Табиғи отын ресурстарының құрылымы



Мұнай ресурстары өткен жартыжылдықта 30,7 млн. тоннаны құрап, 2006 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,1%-ға өсті, көмір және лигнит – 43,2 млн. тонна және 4,7%-ға азайды, табиғи газ – тиісінше 8,3 млрд. текше м. және 21,3%-ға азайды.

Табиғи отын ресурстарының толығуын отандық өндіріс қамтамасыз етеді, ал оның пайдалануында экспорттық жеткізілімдер үлесі көп. Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында елде 27,1 млн. тонна шикі мұнай (ресурстардың жалпы көлемінің 88,5%-ы) өндірілді, экспортқа 29,9 млн. тонна (97,5%), табиғи газ – тиісінше 4,5 млн. текше м. (54,4%) және 7 млн. текше м. (84,1%) жіберілді. Көмір және лигнит 43,0 млн. тоннада өндірілді, бұл ресурстардың жалпы көлемінің 99,5%-ы, соның ішінде үштен азы республика сыртына жіберілді.

Мұнай өнімдерінің нарығы меншікті өндірістің өнімдерінен және жартылай экспорттан құралады. 2007 жылғы бірінші жартыжылдықта өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мұнай өнімдерін өндіру (мазуттан басқа) 15-57%-ға өсті, олардың республикаға әкелінуі 1,7-2,4 есеге өсті. Сұйытылған газ ресурстарында отандық өндіріс үлесі 98,9%, мазутта – 91%, дизельдік отында – 86,6%, бензинде – 79,9%, керосинде – 68,6% құрады. Экспортқа сұйытылған пропан және бутанның 95,5%-ы, дизельдік отынның – 41,6%-ы, мазуттың – 47,3%-ы, бензиннің – 8,1%-ы жіберілді, ал керосин толық ішкі нарықта тұтынылды.

2007 жылғы қаңтар-маусымдағы мұнай өнімдерінің кейбір түрлерінің ресурстары және экспорты

мың тонна



Азық-түлік нарығында ұн (ресурстар көлемінің 99,8%-ы) және ет (96,9%) ресурстары толық отандық өндіріспен қамтамасыз етіледі. Өндірілген ұнның жартысынан көбі экспортқа жіберіледі (54,9%), оның көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге өсті, ал ет толық ішкі нарықта сатылады. Сүт өнімдерінің, макарон, жармалар, ликер-арақ және темекі өнімдерінің, алкокольсіз сусындар және сыра ресурстарында отандық өндіріс үлесіне 78%-дан 95%-ға дейін келеді. Кейбір азық-түлік тауарлары бойынша импорт өндірістен асып түседі. Кофе және шай ресурстарында импорт 62,2%, консервіленген балықта – 65,6%, құс етінде - 72,9%, көкөніс және консервіленген саңырауқұлақта – 87,6% құрайды.

2007 жылғы қаңтар-маусымдағы азық-түлік ресурстарының құрылымы

пайызбен



Азық-түлік нарығы республикадағы өндіріспен қатар, басқа елдерден алып келінген тауарлармен қамтамасыз етіледі. Кілем және кілем өнімдерінің импорты 2007 жылғы қаңтар-маусымда ресурстардың жалпы көлемінің 97,8%–ын, сабынсулар және шашқа арналған құралдар – 88,5%-ын құрады, ал олардың ішкі өндірісі екі есеге дерлік қысқарды (42-43%-ға). Ауыз қуысы және тіс гигиенасы құралдары импортының жеткізілім үлесі – 99,8%, қырынуға арналған құралдардың импортының жеткізілім үлесі – 99,2% және фармацевтикалық препараттардың импортының жеткізілім үлесі – 87,4% елеулі болды. Электрикалық тұрмыстық тауарлар ішінде тоңазытқыштар және мұздатқыштар толық, ал кір жуғыш машиналардың – 79,7%-ы, миксерлер және шырын сыққыштардың – 98,6%-ы, басқа тұрмыстық электрлік бұйымдардың – 99,5%-ы импортталады. Компьютерлік жабдық нарығында, импорттық жеткізілімнің едәуір өсуімен қатар (2 есеге), отандық өндіріс көлемінің өсуі де (1,2 есеге) байқалады, ол ресурстағы

3% үлесті қамтамасыз етті. Теледидарлар және магнитофондар нарығында басқа жағдай байқалады. Олардың ресурстарында импорттық жеткізілімдердің үлесі сәйкесінше 30,2% және 65%-ды құрайды.

2007 жылғы қаңтар-маусымдағы азық-түліктік емес тауарлардың құрылымы

пайызбен



Құрылыс материалдарының көп түрлері үшін ресурстардың толығуы импорттық жеткізілімдер есебінен болды. Республика сыртынан ағаш-жаңқалы тақталар, линолеумдар және еден жабындарының 99-99,9%-ы, шыны талшықтарының – 96,7%-ы, керамикалық кірпіштердің – 95,2%-ы әкелінді. Бояулар және лактар импорты ресурстар көлемінің 71%-ын, керамикалық кірпіштер және төбе жапқыш бұйымдары – 66-67%-ын құрайды. Отандық өндіріс үлесі табиғи шикізаттар болып табылатын құрылыс материалдарында басым, бор және доломит (ресурстардың жалпы көлемінің 99,3%-ы), саз балшық және каолин (99,3%), табиғи құмдар (99%), ғаныш (97,9%), әк (94,2%), асбест (95,5%).

Цемент ресурстары 2007 жылғы бірінші жартыжылдықта өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,8%-ға, отандық өндіріс есебінен 25,6%-ға, импорт есебінен – 14,2%-ға өсті. Отандық өндіріс үлесі ресурстардың жалпы көлемінде 1,8 пайыздық тармаққа өсіп, 69%-дан асып түсті. Цемент толық ішкі нарықта тұтынылды.

6. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қаржы емес активтерге инвестициялар

2007 жылғы қаңтар-шілдеде қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың бағалау көлемі (материалдық айналым қаражатының қорларын толтыратын инвестицияларсыз) 1535,1 млрд. теңгені құрады, оның қомақты үлесін (97,6%) негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар алады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар

2007 жылғы қаңтар-шілдеде негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар 1498,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2006 жылғы қаңтар-шілдеден 11,6%-ға көп.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың нақты көлем индекстері

өткен жылдың тиісті айына % -бен



2007 жылғы қаңтар-шілдеде инвестицияның өсуі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда республиканың жалпы барлық өңірінде байқалды. Мұнда негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың ең көп өсуі Ақмола (1,7 есе), Батыс Қазақстан (1,6 есе), және Қостанай облысымен мен Алматы қаласында (1,3 еседен) байқалды. Инвестициялар бұл өңірлерде жол құрылысына, объектілерді жаңғырту және техникалық қайта жабдықтау мен құрылыс-монтаж жұмыстарына жұмсалды.

2006 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда инвестиция көлемінің төмендеуі Солтүстік Қазақстан (17%-ға) және Атырау (4,3%-ға) облыстарында болды. Осы өңірлердегі нақты инвестициялық жобалардың аяқталуы инвестиция көлемінің төмендеуіне себеп болды.

Негізгі капиталға инвестициялар игеру қарқыны, өңірлер бойынша

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



2007 жылғы қаңтар-шілдеде негізгі капиталға қаражат салудың негізгі көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты (59,2%) мен шетел инвестициялары (18,5%) болып табылды. Бюджет қаражаты 11,2%, қарыз қаражат – 11,1% құрады.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар құрылымында салмақты үлесін жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар (65,1%), сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (23,3%) қаражаты құрады. Мемлекеттік сектордың үлесі 11,6%.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың құрылымы, пайдалану бағыттары бойынша

пайызбен



Инвестициялық тартымдылығы бойынша инвестициялаудың басым салалары, бұрынғысынша, мұнай және табиғи газ өндіру – негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың жалпы көлемінің 30,1%-ы, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар –28%, көлік және байланыс – 11,1%, өңдеу өнеркәсібі – 10,6%.

Шетел инвестицияларының ең көп көлемі Атырау облысында игерілді (68,2%), себебі бұл экономиканың шикізаттық секторын дамытуға қаражат салатын шетел инвесторлары үшін ең тартымды өңір.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылымы

пайызбен



7. БАҒАЛАР

7.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

Ағымдағы жылғы шілдеде **инфляция** 0,9% құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,1 пайыздық пунктке көп. Бағалардың аса жоғары өсуі азық-түлік емес тауарларға – 1,4%-ға байқалды, ал оның инфляцияға әсері ең елеулі - 0,4% болды. Азық түлік тауарлары 0,8%-ға, ақылы қызмет көрсетулер - 0,6%-ға қымбаттады, олар бағалардың жалпы өсімінде тиісінше 0,3% және 0,2% құрады.

Өткен айда тамақ өнімдерінен, көбінесе, ет және ет өнімдерінің бағасы 2%-ға, ал жылқы етінің бағасы - 4%-ға, құс еті –3,4%-ға, сиыр және қой етінің бағасы – 2,4%-дан өсті. Балық 1,1%-ға (ағымдағы жылғы маусымда – 0,7%-ға) қымбаттады. Нан мен жарма өнімдерінің бағасы - 0,4%-ға көтерілді, ол өткен айдың бағасынан 0,1 пайыздық пунктке асып түсті. Бұл шілдеде өндірушілердегі ұн бағасының - 3,2%-ға және нан бағасының - 0,1%-ға қымбаттауынан болды. Қантқа баға деңгейі ай ішінде 2,1%-ға, май және тоң майға – 0,5%-ға өсті. Ағымдағы жылғы шілде айында жемістер мен көкөністер бағасы - 0,1%-ға өсті, бұл ағымдағы жылғы маусымда 2,3% болған. Жемістер 0,9%-ға, қызылша – 4,9%-ға, сәбіз – 5,3%-ға қымбаттады, қияр мен қызанақ - 8%-дан, картоп – 1,5%-ға арзандады. Сүт өнімдері мен жұмыртқа рыногында бағаның маусымдық төмендеуі жалғасуда. Сүт өнімдерінің бағасы 0,1%-ға, жұмыртқа бағасы – 4,6%-ға төмендеді.

Азық-түлік емес тауарлар арасында ағымдағы жылғы шілдеде өткен аймен салыстырғанда бағаның елеулі өсуі құрылыс материалдарына 12,7%-ға байқалды. Бензин 6,2%-ға, дизель отыны – 2,8%-ға қымбаттады. Киім мен аяқкиім, басылым өнімінің бағасы - 0,4%-дан, үйге арналған заттар, жеке гигиена таурлары, дәрі-дәрмектер - 0,5%-дан, жуғыш құралдарының бағасы – 0,9%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы шілдеде ақылы қызмет көрсетулер саласында бағалардың едәуір өсуі шаштараздар қызметтеріне - 2,2% байқалды. Денсаулық сақтау мекемелері қызметтерінің баға деңгейі 1,2%-ға, мектепке дейінгі балалар мекемелері қызметтерінің баға деңгейі – 1%-ға, мәдениет және демалыс мекемелері қызметтерінің баға деңгейі – 0,6%-ға, жолаушылар көлігі қызметтерінің баға деңгейі – 0,3%-ға өсті. Байланыс қызметтеріне тарифтер индексі 100% құрады.

Ағымдағы жылғы шілдеде тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтер 1,6%-ға өсті. Газбен жабдықтауға арналған төлем 2,9%-ға, қоқыс жинауға – 1,6%-ға, тұрғын үйді ұстауға – 1,2%-ға, оны жөндеуге төлем – 2,2%-ға өсті. Электр энергиясына тарифтер 0,4%-ға, суық сумен жабдықтауға – 0,3%-ға, кәрізге – 0,2%-ға көтерілді, орталықтан жылу беруге тарифтер деңгейі өзгеріссіз қалды.

2005-2007 жылдардағы инфляция

өткен жылдың тиісті айына, пайызбен



2007 жылғы шілдеде орташа республика бойынша жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрін сату бағасы 153,4 мың теңгені құрап, 2006 жылғы шілдемен салыстырғанда 1,6 есеге өсті, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы, тиісінше – 133,1 мың теңге болып, 1,8 есе өсті.

2006-2007 жылдардағы тұрғын үй рыногындағы бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



Баға өсуінің жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция ағымдағы жылғы шілдеде - 0,8%, ағымдағы жылғы маусымында – 0,6% құрады.

Қазақстан Республикасындағы 2007 жылғы шілдедегі инфляция

пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

	2007 жылдың шілдесі			2007 жылдың қаңтар-шілдесінде 2006 жылдың қаңтар-шілдесіне
	2007 жылдың маусымына	2006 жылдың желтоқсанына	2006 жылдың шілдесіне	
Инфляция	0,9	5,5	8,8	8,1
Базалық инфляция	0,8	5,0	8,1	7,3
Халықтың ақшалай табысы өте төмен топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,8	5,8	9,0	8,3
Халықтың ақшалай табысы өте жоғары топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі	0,9	5,4	8,9	8,1

2007 жылғы шілдеде негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларын алып есептелген орташа жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 2006 жылғы желтоқсанға қарағанда 15,9%-ға өсті, өткен айға қарағанда 0,9%-ға төмендеп, 9608 теңгені (тамақ өнімдері – 5764 теңгені, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 3844 теңгені) құрады. 2007 жылғы шілдеде оның құрылымында ет пен балық сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,6%, сүт, май-тоң май өнімдері мен жұмыртқа – 13,4%, жемістер мен көкөністер – 18%, нан өнімдері – 7,8%, қант, шай және дәмдеуіштерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 2,2% алды.

7.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағалары, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса ағымдағы жылдың шілде айында маусыммен салыстырғанда 4,2%-ға, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 10,3%-ға өсті. Өндірілген өнім бір ай ішінде 4,4%-ға, ал өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер 0,4%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобындағы өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы – 0,9%-ға, аралық тұтыну өнімдері – 4,8%-ға, тұтыну тауарлары бағасы – 0,5%-ға өсті.

2007 жылғы Қазақстан Республикасында өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағаларының индексі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2007 жылғы шілде				2007 жылғы қаңтар - шілдеде 2006 жылғы қаңтар - шілдеге
	2007 жылғы маусымға	2006 жылғы шілдеге	2006 жылғы желтоқсанға	2005 жылғы желтоқсанға	
Өнеркәсіп өнімдері, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса	4,2	12,4	10,3	26,4	6,0
Өндірілген өнім	4,4	12,9	10,8	27,4	6,0
Өндіріс құрал-жабдықтары	0,9	7,1	3,2	12,2	6,8
Аралық тұтыну тауарлары	4,8	13,6	11,7	29,4	5,9
Тұтыну тауарлары	0,5	7,0	2,8	11,3	6,5
Өндірістік сипаттағы қызметтер көрсету	0,4	4,1	3,1	13,0	6,2

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының базалық индексі (мұнай мен металл бағаларының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылғы шілдеде маусыммен салыстырғанда 102,3%, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 107,3% құрады.

Өткен айда өнеркәсіпте бағалардың оң серпіні мұнай бағасының 7,2%-ға және газ конденсаты бағасының – 6,7%-ға көтерілуінен және осы тауарлардың сыртқы рыноктағы қымбаттауынан туындаған, бұл дайын өнеркәсіп өнімдеріне баға деңгейін 3,7%-ға көтерді. Мұнай өнімдері, осы кезең ішінде, 3,2%-ға, табиғи газ – 1,2%-ға, көмір – 0,6%-ға, электр энергиясы – 0,4%-ға қыбаттады. Өткен айда энерго ресурстарының бағасы жалпы 6,3%-ға (ағымдағы жылғы маусымда – 2,2%-ға) өсті. Алдындағы айда металлургия өнеркәсібіндегі бағаның жоғарлауы шілде айындағы бағаның 0,5%-ға төмендеуімен жалғасты, бұл әлемдік бағалардың құбылмалдылығына байланысты.

2007 жылғы шикізаттық энергия ресурстарын өндіруші-кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Ағымдағы жылдың шілдесінде республикада өндірілген азық-түлік тауарларының бағасы 1%-ға (маусымда – 0,5%-ға) өсті, оған өндіру кезіндегі пайдаланылатын шикізат пен материалдардың 1,5%-ға қымбаттауы ықпал етті. Бидай ұны бағасының өсімі – 3,2%, мал еті – 1,7%, құс еті– 1,2%, сусындар– 1,5%, сүт өнімдері бағасының өсімі – 1,1% құрады. Қант шикізатының бағасының төмендеуі қант бағасының – 0,6%-ға арзандауына әкеліп соқты, соның салдарынан кондитер өнімдері де – 1,2%-ға арзандады.

Өткен айда бақыланатын өндірістік сипаттағы қызметтердің ішінде газеттерді басып шығаруға тарифтер – 3%-ға, мұнай және газ өндіру тарифтері – 0,8%-ға көтерілді, ал электр энергиясын өңірлік деңгей желісі бойынша тасымалдау және бу мен ыстық сумен жабдықтау қызметтерінің бағасы өткен деңгейде қалды.

Технологиялық үдеріс үшін өнеркәсіп кәсіпорындары сатып алған өндіріс ресурстарына бағалар индексі ағымдағы жылғы шілдеде маусымға қарағанда 101,5%, 2006 жылғы желтоқсанға қара-

ғанда – 103% құрады. Өткен айда республикада сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы 1,6%-ға, алыс шетелде – 0,9%-ға, Достастық елдерінде – 0,7% өсті.

Республикадан шығарылған тауарлардың бағасы, ағымдағы жылғы маусымда мамырмен салыстырғанда 7%-ға, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 15,4% өсті. Ай ішінде алыс шетелге шығарылған өнім – 7,4%-ға және жақын шетелде шығарылған өнім – 4,7%-ға қымбаттады. Қайта өңдеу сатылары бойынша сыныпталған, экспорттық өнім топтырындағы шикізаттардың бағасы – 6,6%-ға, жартылай фабрикаттар – 9,1%-ға және дайын тауарларға баға - 0,9%-ға көтерілді. Экспорттық жеткізілім бағасының айтарлықтай өсуі мұнайға – 6,7%-ға және оның қайта өңделеген өнімдеріне – 6,3%-ға тіркелді, бұл сыртқы сауда конъюнктурасының қолайлы жағдайына байланысты. Қара металдар илегі де 10,5%-ға, мырыш – 6,9%-ға, қорғасын – 4,7%-ға қымбаттады, ал алюминий, керісінше, 5,1%-ға арзандады. Осы кезең ішінде тынайтқыштың 12,1%-ға және органикалық емес химия өнімдері бағаларының едәуір 8,2%-ға өсуі есебінен химиялық тауарлар бағасы – 7%-ға көтерілді. Шетелге шығарылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің ішінде жүн бағасы – 9%-ға, бидай бағасы – 4,3%-ға, кант бағасы – 1,7%-ға көтерілді, ал мақта бағасы – 3,8%-ға және темекі бағасы – 0,2%-ға төмендеді.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі ағымдағы жылғы маусымда мамырмен салыстырғанда 101,1%, 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 102,6%, Достастық мемлекетерінен – тиісінше 104,1% және 105,3%, әлемнің қалған елдерінен – 97,1% және 98,9% құрады. Импортталатын аяқ киім бағасы - 12,1%-ға, минералды өнімдер – 8,1%-ға, пластмасс - 6,9%-ға, сүрек бағасы – 1,6%-ға өсті. Какао және одан дайындалған өнімдер – 4,5%-ға, кофе – 2%-ға, көкөністер – 0,9%-ға арзандады.

Ағымдағы жылғы шілдеде маусым айымен салыстырғанда **ауыл шаруашылығы өнімдеріне өткізу бағасы** 0,1%-ға (өткен жылдың тиісті кезеңінде 0,4%-ға), мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы - 1%-дан төмендеді, өсімдік шаруашылығы өнімдері бағасы - 0,5%-ға (0,1%-ға) көтерілді.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалардың өзгеруі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

	2007 жылғы шілде				2007 жылғы қаңтар - шілдеде 2006 жылғы қаңтар - шілдеге
	2007 жылғы маусымға	2006 жылғы шілдеге	2006 жылғы желтоқсанға	2005 жылғы желтоқсанға	
Ауыл шаруашылығы өнімдері	-0,1	14,9	4,2	14,1	13,2
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	0,5	18,0	7,4	18,4	15,9
Мал шаруашылығы өнімдері	-1,0	10,8	0,0	8,4	9,7

Дәнді дақылдардың рыногындағы бағаның өсімі 0,6% құрады, бұл негізінен қарақұмыққа - 4,3%-ға, бидайдың жұмсақ түріне – 0,7%-ға, арпаға – 0,6%-ға, күріш пен жүгеріге – 0,2-0,3%-ға бағаның өсу есебінен болды. Жаңа піскен көкөністер өткен айдағыдай 1,9%-ға (ағымдағы жылдың маусым айында – 0,2%-ға) арзандады, ал картоп – 0,5 %-ға (0,2%-ға) қымбаттады. Жеміс-жидектер - 7,7%-ға, күнбағыс тұқымдары - 1%-ға, бұршақ – 0,8%-ға қымбаттады.

Мал мен құс етіне бағаның өсу қарқыны біршама баяулады. Ағымдағы жылдың шілдесінде қой мен ірі қара мал етінің баға деңгейі - 0,8-0,9%-ға (маусымда 1,4%-дан), жылқы және құс етінің баға деңгейі - 0,6%-дан (тиісінше 0,9 және 1,4 тармаққа), шошқа етінің баға деңгейі – 0,1%-ға (0,4%-ға) өсті. Жұмыртқа 6,8%-ға, шикі сиыр сүті – 3,6%-ға арзандады, ал түйе сүті, керісінше, 0,3%-ға қымбаттады.

2007 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсіуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы шілдеде маусым айымен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 100,6%, ал 2006 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда - 103,8%, құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісінше - 100,7% және 104,1%, технологиялық жабдықтарға – 100,3% және 103,7%, өзге де жұмыстар және шығындарға баға индексі – 100,4% және 103,1% құрады.

2007 жылы құрылыстағы баға индексі

өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Өткен айда құрылыс ұйымдарымен сатып алынған материалдар, бөлшектер және құрылымдар 0,7%-ға қымбаттады. Бағаның елеулі өсімі цемент және онымен байланысты материалдарға байқалды. Ағымдағы жылғы шілдеде портландцемент 25,4%-ға (өткен айда – 7,6%-ға) қымбаттады. Анықтама үшін: шілдеде маусыммен салыстырғанда өндіруші-кәсіпорындар өндіретін цемент бағасы - 31,2%-ға, тұтыну рыногында цемент бағасы - 43,7%-ға өсті. Сатып алынған басқа да құрылыс материалдар ішінде гипс бағасы - 18,2%-ға, жертөле қабырғаларының бетон блоктары - 10,3%-ға, тауарлы бетон мен құрылыс қоспалары - 4,71%-ға, қож мақтасы - 4,6%-ға, жылуоқшаулағыш және көп қуысты аражабындар үшін тақталар - 4,2-4,4%-ға, битум - 2,1%-ға, бояулар мен сырлар бағасы – 1,3%-ға көтерілді.

Ағымдағы жылғы шілдеде **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** өткен аймен салыстырғанда 100%, ал 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 99% құрады.

Өткен айда теміржол көлігінің, құбыр желісі көлігі және ішкі су көлігі қызмет көрсетулерінің тарифтері өзгерісіз қалды. Жол көлігінің қызмет көрсету тарифтері - 0,2%-ға көтерілді. Қала бойынша автомобиль көлігімен жүк жеткізу – 0,3%-ға, республиканың қалалар арасындағы жүк жеткізу - 0,2%-ға қымбаттады. Әуе көлігімен жүк тасымалдау бойынша кызмет көрсетулерге тарифтер – 6,5%-ға төмендеді, бұл халықаралық желілердегі кызмет көрсетулерге тарифтердің 7,2%-ға азаюынан болды.

8. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

8.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. ҚР Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2007 жылдың 1 шілдесіне мемлекеттік бюджет табысы 1314,4 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 52,2% құрады. Шығындар 1216,8 млрд. теңге сомада өндірілді және ол бойынша орындау – 48,2% құрады. 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда табыс 5%-ға, ал шығындар 9,5%-ға өсті. Бюджет тапшылығы (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 77,8 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында негізгі үлесті салықтық түсімдер (79,4%) алады. Бюджеттің негізгі қайнар көзі болып корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салық және әлеуметтік салық табылады.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы
(2007 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша)

пайызбен



2007 жылғы қаңтар-маусымда әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған шығындар өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 28,3%-ға, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 35,7%-ға, білім беруге –34,1%-ға және денсаулық сақтауға – 39,1%-ға өсті.

Мемлекеттік бюджет шығындары
(2006-2007 жылдардың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша)

млрд.теңге



2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Республикалық бюджетке түскен табыс 1019,4 млрд. теңгені құрады. Шығындар 974,6 млрд. теңге сомада өндірілді. Бюджет тапшылығы 130,5 млрд. теңге деңгейінде анықталды. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда табыс 1,1%-ға төмендеді, ал шығындар 3,6%-ға өсті.

Республикалық бюджет табысының 71%-ын салықтар, 5,8%-ын - салықтан тыс түсімдер, 22,7%-ын трансферттер түсімі, 0,5%-ын негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер құрады.

Республикалық бюджет шығындарында әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 25,5%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 21,1%, көлік және коммуникацияға – 8,7%, білім беруге – 6,4% және денсаулық сақтауға – 4,6% келеді.

Жергілікті бюджетке түскен табыс 693,3 млрд. теңгені, шығындар 640,5 млрд. теңгені құрады. 2006 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда табыс 34,6%-ға, шығындар – 37,7%-ға өсті. Бюджет профициті 44,8 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

8.2 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2007 жылдың маусымының соңына ақша жиыны (М3) өткен аймен салыстырғанда 6,1%-ға өсіп, 4 489,2 млрд. теңгені құрады. Ақша базасы (резервтік ақшалар) осы кезеңде 4%-ға өсті. Ағымдағы жылдың маусымының соңында айналымдағы қолма-қол ақша (М0) 793,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылдың мамыр айымен салыстырғанда 5,7%-ға көп. Ақша жиынының көлеміндегі қолма-қол ақшаның үлесі 17,7% құрайды.

Депозиттік ұйымдардағы депозиттер (резидент еместердің шоттарын есепке алмағанда) 2007 жылдың маусымының соңына 3 696,1 млрд. теңге сомасында белгіленіп, өткен аймен салыстырғанда 6,2%-ға көтерілді. Осы кезеңде ұлттық валютадағы депозиттер 2 808 млрд. теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың мамыр айына қарағанда 9,7%-ға көп. Халық салымдары жалпы депозиттер сомасының 36,7%-ын алады. 2007 жылдың маусымында өткен аймен салыстырғанда олардың сомасы 6,9%-ға өсіп, 1 354,7 млрд теңгені құрады.

Ағымдағы жылғы маусымның соңына екінші деңгейдегі банктердің кредиттері 6 568,6 млрд. теңгені құрады. Олардың сомасы бір айда 9,2%-ға өсті.

2006-2007 жылдардың маусымындағы екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің салалық құрылымы

кезең соңына, пайызбен



2007 жылдың маусымының соңында ұзақ мерзімді несиелердің сомасы (бір жылдан астам) 5 122,7 млрд. теңгені құрады, бұл өткен аймен салыстырғанда 8,6%-ға өсті. Кредиттер құрылымында олар ең үлкен үлесті – 78%-ды алады.

2005-2007 жылдардағы екінші деңгейдегі банктердің ұлттық валютадағы кредиттері

кезеңнің соңына, млрд. теңге



Айналым қаражаттарын сатып алуға – 28,8% (1 888,6 млрд. теңге), негізгі қорларды сатып алуға – 11,1% (726,8 млрд. теңге), азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына – 16% (1 048,5 млрд. теңге), азаматтарға тұрғын үйлерді салу және сатып алуға – 11,4% (751,1 млрд. теңге) кредиттер бөлінді.

2007 жылдың маусымының соңына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілерге берілген кредиттері 1 312,3 млрд. теңге құрады, бұл өткен айға қарағанда 9,2%-ға көп. Бұл жалпы берілген кредиттердің 20%-ын құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ағымдағы жылдың маусымында жеке тұлғаларға сатылған шетел валютасының сату көлемі оның сатып алу көлемінен: еуро – 4 есеге, АҚШ доллары – 2,9 есеге, ресей рублі – 62,2%-ға асып түсті. Жеке тұлғаларға шетел валютасын сату көлемі өткен аймен салыстырғанда еуро– 3,2%-ға, ресей рублі – 7,6%-ға, АҚШ доллары – 6,1%-ға көтерілді.

ҚР Ұлттық Банкінің қайта каржыландыруының ресми ставкасы 2006 жылдың 1 шілдесінен 0,5 пайыздың пунктке өсіп, жылдық деңгейде 9% болып белгіленді.

9. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

9.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2007 жылғы шілдеде (бағалау бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 4,8 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті айдағыдан 70 мың адамға (1,5%-ға) көп.

2006-2007 жылдарда Қазақстан Республикасындағы жалдамалы жұмысшылар

	2006 ж.				2007ж.	
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	I тоқсан	II тоқсан
Жалдамалы жұмысшыр саны, мың адам	4719,4	4772,8	4802,8	4811,6	4896,2	4953,4
Жұмыспен қамтылған халық үлесі, %	64,7	64,3	64,2	64,9	65,4	64,8

2007 жылдың екінші тоқсанында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 4 млн. адам (барлық жалданып жұмыс істейтіндердің 80,9%-ы), жеке тұлғаларда 0,6 млн. (11,9%-ы), шаруа (фермер) қожалықтарында - 0,4 млн. (7,2%-ы) адам жұмыс істеді.

Ірі және орта кәсіпорындарда 2,8 млн. адам жұмыс істеді, бұл жалдамалы жұмысшылардың жалпы санының 57,4%-ы. Ол өткен жылдың тиісті тоқсанына қарағанда 153,2 мың адамға (5,7%-ға) көп. Көрсетілген кезеңде жалдамалы жұмысшылар саны құрылыста - 33,7 мың адамға (16,9%-ға), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында - 22,5 мың адамға (13,7%-ға), білім беруде – 21,7 мың адамға (4,1%-ға), саудада - 18,3 мың адамға (23,4%-ға), қаржы саласында 16,8 мың адамға (36,7%-ға), өнеркәсіпте - 16,3 мың адамға (2,3%-ға), денсаулық сақтау саласында – 15,3 мың адамға (5,8%-ға) өсті.

2007 жылғы маусымның соңына ірі және орта кәсіпорындарда 22,1 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 0,8%), бұл өткен айға қарағанда 1546 бірлікке (6,5%-ға) аз. Ең көп бос жұмыс орнының саны өнеркәсіп кәсіпорындарында – 6192 бірлік (олардың жалпы санының 28%-ы), мемлекеттік басқару ұйымдарында – 4982 бірлік (22,5%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру саласында – 2601 бірлік (11,8%), қаржы қызметінде - 2584 бірлік (11,7%) құрады.

Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында ірі және орта кәсіпорындарда 306,4 мың адам жұмысқа қабылданды, бұл жұмысшылардың жалпы санына 9,4%, олардан 14,6 мың адам немесе 4,8%-ы - қайта құрылған жұмыс орындарына алынды. Өнеркәсіп кәсіпорындарына 70,8 мың адам жұмысқа орналасты, олардан қайта құрылған жұмыс орындарына – 2,4 мың адам (жұмысқа қабылданғандар санының 3,4%-ы), құрылысқа – тиісінше, 63,4 мың және 4,5 мың адам (7,1%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласына – 31,4 мың және 1,8 мың адам (5,9%), көлік және байланысқа – 25,6 мың және 1,7 мың адам (6,8%), білім беру саласына – 13,3 мың және 0,3 мың адам (2,1%).

Түрлі себептерге байланысты 2007 жылдың екінші тоқсанында 268 мың адам, оның ішінде тұрақтамаушылық себептері бойынша – 217,8 мың адам (81,3%) жұмыстан шықты. Тұрақтамаушылық коэффициенті - 6,7% құрады. Жұмыстан шыққан қызметкерлердің үлесі өнеркәсіпте олардың жалпы санының 25,8%-ын, құрылыста – 20,6%, көлік және байланыста - 8,5%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында – 8,1%, білім беру саласында – 8% құрады.

2006-2007 жылдарда ірі және орта кәсіпорындардағы жұмысшылар санының қозғалысы



9.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

2007 жылдың шілдесінде (бағалау бойынша) 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 8,2 млн. адамды, экономикада жұмыс істейтіндер саны – 7,6 млн. адамды, жұмыссыздар (табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеген және оған кірісуге дайын болған адамдар) – 581,5 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі - 7,1%.

2007 жылдың екінші тоқсанында республика экономикасында 7,6 млн. адам жұмыспен қамтылды, бұл 15 және одан жоғары жастағы адамдар санының 65,4%-ы. Бұл 2006 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 215,1 мың адамға немесе 2,9%-ға көп. Жұмыспен қамтылған халық ішінде қалалық жерде 4 млн. адам еңбек етті немесе 52%, ауылдық жерде – тиісінше, 3,6 млн. адам немесе 48%. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 51,4%-ын ерлер, 48,6%-ын - әйелдер құрайды.

Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында жалдамалы қызметкерлердің саны 5 млн. адамға жетті, бұл 2006 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 180,6 мың адамға (3,8%-ға) көп. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны – тиісінше, 2,7 млн. адам немесе 34,6 мың адамға (1,3%-ға) көбейді. Жалдамалы қызметкерлердің көп бөлігі қалалық жерде – олардың жалпы санының 64,7%-ы (3,2 млн. адам). Ауылда жұмыспен қамтылғандар ішінен өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер – 52,2% (1,9 млн. адам) құрайды.

2006-2007жж. Жұмыспен қамтылғандық статусы бойынша жұмыспен қамтылған халық құрылымы



Көрсетілген кезеңде жұмыссыздар саны 601,8 мың адамды құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,5 мың адамға немесе 3,4%-ға азайды. Жұмыссыздық деңгейі 7,3% болды (2006ж. екінші тоқсанда – 7,7%). Жұмыссыздардың жалпы санынан қалалық жерде – 350,6 мың адам (жұмыссыздық деңгейі 8,1%), ауылдық жерде – 251,2 мың адам (6,4%) тіркелді.

Жұмыссыздардың жалпы санында жұмыссыз әйелдердің саны басым болып сақталуда – 357,8 мың адам, бұл еркектер санынан 113,7 мың адамға көп. Жас құрылымы бойынша жұмыссыздар арасында ең көп үлесті 25-39 жастағылар алды – 44,8% (269,8 мың адам), ал 40-54 жастағылар – 26,7% (160,9 мың адам), 15-24 жастағы жастар – 22,1% (133 мың адам) алды. Жастар жұмыссыздығының деңгейі 9,6% болды (2006ж. екінші тоқсанда – 11,9%). Жұмыссыздар ішінен жоғары білімі барлары – олардың жалпы санынан 19%, орта кәсіптік (арнайы) білімі барлары – 24,9%, бастауыш кәсіптік білімі барлары – 11,5%, жалпы орта білімі барлары – 38,1% болды.

Бір жылдан астам уақыт бойы жұмыссыз болған адамдар санының азаюы байқалды: ағымдағы жылдың екінші тоқсанында олар 164,9 мың адамды құрады, бұл жалпы санының 28,9%-ы (2006ж. екінші тоқсанда – тиісінше, 199 мың және 34,2%). Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 3,3% болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 0,7 пайыздық пунктке төмен.

2007 жылдың шілдесінің соңында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау деректері бойынша) 74,9 мың адамды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегіден 24,2 мың адамға немесе 24,4%-ға аз. Тіркелген жұмыссыздар санында айтарлықтай бөлігі – 69,6% (52,1 мың адам) - әйелдер, 51,4%-ы – ауыл тұрғындары (38,5 мың адам). Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 0,9% болды (2006 жылғы шілдеде – 1,2%).

9.3 ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

2007 жылдың маусымында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 51814 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 28,9%-ға, нақты көрінісінде – 19,2%-ға, қаңтар-маусымда – тиісінше, 48855 теңге, 29,4%-ға және 19,9%-ға өсті.

2006-2007 жылдары Қазақстан Республикасындағы еңбекақы



Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысының көбеюі экономикалық қызметтің барлық түрлерінде байқалды. 2007 жылдың маусымында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қызметкерлердің жалақысы денсаулық сақтау саласында 60,4%-ға, жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында – 34,1%-ға, білім беруде – 32,8%-ға, ауыл шаруашылығында – 29,8%-ға, мемлекеттік басқаруда – 28,5%-ға өсті.

2007 жылдың маусымында қызметкерлердің қаржы саласында орташа жалақысы 106,7 мың теңгені құрап, бұл ел бойынша орташа жалақыдан 2 есе жоғары, көлік және байланыста, жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыру саласында, кен өндіру өнеркәсібінде - 70 мың теңгеден 82 мың теңгені құрады (1,3-1,6 есе). Білім берудегі еңбекақы 32980 теңге болып қалыптасты, денсаулық сақтауда және әлеуметтік қызмет көрсетуде – 35060 теңге, бұл республика бойынша орташа жалақыдан тиісінше 36,3% және 32,3% төмен. Ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінде – 23824 теңге немесе ел бойынша орташа көрсеткіштің 46%-ы.

Өнеркәсіптегі еңбекақы 2007 жылдың қаңтар-маусымында 55780 теңгені құрап, 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 22,8%-ға өсті. Өнеркәсіп салалары ішінде ең жоғары жалақы алатын темекі өндірумен айналысатын қызметкерлер, мұндағы жалақы - 156,7 мың теңгені құрады (сала бойынша орташа жалақыдан 2,8 есеге көп) және шикі мұнай және табиғи газ өндірісінде – 130 мың теңге (2,3 есе).

2007 жылдың қаңтар-маусымында ерлердің орташа жалақысы 57720 теңгені құрады немесе әйелдердің жалақысынан (39016 теңге) 1,5 есе жоғары. Мейрамхана-қонақ үй бизнесіндегі бұл алшақтық 1,8 есені, қаржы қызметінде, өнеркәсіпте – 1,5 еседен, мемлекеттік басқаруда – 1,3 есені құрады.

2007 жылдың қаңтар-маусымында ерлер мен әйелдердің экономиканың жекелеген түрлері бойынша жалақысы

теңге



10. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ

Ақшалай табыс

2007 жылғы маусымда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы (бағалау бойынша) 24653 теңгені құрады, бұл 2006 жылдың маусымымен салыстырғанда 26,0%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 16,6%-ға өсті.

2007 жылғы маусымдағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

(өткен жылдың тиісті айына пайызбен)



11. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

11.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылдың 1 шілдесіне еліміздегі халық саны жедел деректер бойынша 15484,8 мың адамды құрады, соның ішінде қалалық - 8183,7 мың (52,8%), ауылдық - 7301,1 мың адам (47,2%). Жыл басымен салыстырғанда ол 88 мың адамға немесе 0,6% өсті.

Осы кезең ішінде халық санының көбеюі Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа барлық өңірлерде байқалды. Халық санының ең жоғары өсімі Оңтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қаласында - тиісінше 27,2 мың және 18,1 мың адам, ал оның ең көп азаюы - Солтүстік Қазақстан облысында - минус 3,1 мың адам.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында республика халқының табиғи өсімі 76527 адамды құрады (63376 адам - осы жерде және бұдан әрі жақшаларда өткен жылдың тиісті кезеңіндегі көрсеткіштер келтірілген). Екі облыста - Қостанай және Солтүстік Қазақстан - өлгендердің саны туғандардың санынан асты: тиісінше 471 және 604 адамға. Ағымдағы жылдың 1 шілдесіне табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,1 (8,3) адамды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында АХАЖ органдары 159114 (143208) тууды тіркеді. Туу қалалық елді-мекендерде және ауылдық жерде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12% және 10% өсті және тиісінше 85866 (76637) және 73248 (66571) тууды құрады. Осы кезеңде 81805 (73633) ұл және 77309 (69575) қыз бала туған, немесе 100 қыз балаға 106 ұл бала. 2006 жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда ұлдар мен қыздар 11,1% артық туылған.

Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 20,5 (18,6) туғандарды құрады. Еліміздің өңірлері бойынша туудың деңгейі келесідей қалыптасты: 1000 тұрғынға 15-ке дейін туғандар 2 (6) өңірде, 15-тен 18-ге дейін - 5 (3), 18-ден 21-ге дейін - 3 (1), 21 және одан жоғары туғандар - 6 (6) өңірде.

Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында өлгендер саны 82587 (79832) адамды құрады, соның ішінде қалалық елді мекендерде - 48231 (47071) және ауылдық жерлерде - 34356 (32761). Осы кезең ішінде 46882 (45110) еркек және 35705 (34722) әйел өлген, немесе 1000 әйелге 1313 (1299) еркек. Өлгендердің жалпы санында еңбекке қабілетті жастағы адамдар үлесі 41,2% құрады. Еңбекке қабілетті жастағы еркектер өлімі осы жас санатындағы әйелдер өлімінен 3 есе артық. Еркектер өлімінің әйлердер өлімінен күрт артуы 20-24 жас аралығына жетті және барлық еңбекке жарамды жас бойына жалғасуда.

Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,4 (10,3) өлгендерді құрады. Ол еліміздің өңірлері бойынша1000 адамға 6,5-14,1 өлгендер аралығында.

Өлімнің негізгі себептері қан айналымы жүйесі аурулары болып табылады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 53,3% (52,9%) тиесілі, олардан жүректің ишемиялық аурулары және ми қан тамырларының зақымдануынан өлгендер саны тиісінше 45,2% (44,5%) және 23,9% (24,9%) құрайды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тиісінше жол-көлік оқиғаларынан өлгендер саны 7,9%, өлтіруден - 2,5%, өзін-өзі өлтіруден - 1,9%-ға артты.

Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында елімізде 1 жасқа дейінгі 2307 (2048) бала өлімі тіркелген. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға 14,3 (14,8) өлгендерді құрады. Нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында 1145 (1037) нәресте өлген немесе 1 жасқа дейінгі барлық өлімінің 49,6% (50,6%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда некелер мен ажырасулар саны жалпы еліміз бойынша тиісінше 8,2% және 4,4% өсті немесе 59506 (54994) және 18233 (17467) құрады. Неке және ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 9,2 (8,5) некені және 2,4 (2,3) ажырасуды құрады.

Қаңтар-маусымдағы халықтың табиғи қозғалысы

адам



Халық көші-қонының оң айырымы ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында 11454 (18746) адамды құрады, одан ТМД елдерімен - 7413 (15892) адам. Осы кезең ішінде келгендер (иммигранттар) саны 28111 (32845), ал кеткендер (эмигрантар) - 16657 (14099) адамды құрады. 1000 эмигрантқа 1688 (2329) иммигранттан келеді. 2006 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда иммигранттар саны 4734 адамға (14,4%), ал эмигранттар саны 2558 адамға (18,1%).

Халық көші-қоны қозғалысының көбісі ТМД елдерімен, ТМД елдерінен келгендер мен сол елдерге қоныс аударғандар үлесі олардың жалпы санынан тиісінше 80,9% және 92,1% (86,1% және 87,9%) құрады. Иммигранттардың негізгі бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Маңғыстау және Ақмола облыстарына қоныстанған, ал эмигранттар, негізінен, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарынан қоныс аударды.

Иммигранттардың көбісі Өзбекстан, Ресей және Қытайдан келеді, олардың үлесі ТМД және ТМД-дан тыс елдерден келгендердің жалпы санынан тиісінше 49,5%, 18,9% және 11,4%, ал негізінен Ресей Федерациясы мен Германияға қоныс аударады - ТМД және ТМД-дан тыс елдеріне кеткендердің жалпы санынан тиісінше 86,5% және 5,9%.

Иммигранттар мен эмигранттар санындағы 0-15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің үлесі тиісінше 21,8% және 14,8%, еңбекке жарамды жастағылар 72,7% және 70,9%, еңбекке жарамды жастан асқандар - 5,5% және 14,3% құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар-маусымында көші-қон ағымы құрылымының айтарлықтай бөлігі қазақтарға келеді, иммигранттар мен эмигранттардың жалпы санындағы үлесі тиісінше 78,7% (78,4%) және 6,3% (7,2%) және орыстар 11,9% (12,5%) және 67,6% (66,7%).

Ел ішіндегі көші-қон процесіне 143526 (137220) адам қатысқан, одан 62788 (59571) адам немесе 43,7% (43,4%) - өңіраралық көші-қон. Ел ішіндегі көшіп-қонушылардың 84,7% (83,6%) - еңбекке жарамды жастағы адамдар.

Ішкі көші-қонның өзгеруі
(соның ішінде өңіраралық және өңірлік)

адам



Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң айырымы елдің 5 (4) өңірінде байқалады, одан шамасы бойынша ең көбі Алматы және Астана қалаларында: тиісінше 8800 (11137) және 8507 (7488) адам. Халықтың өңіраралық көші-қонындағы оң айырым Алматы қаласында негізінен Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Шығыс-Қазақстан облыстарының, ал Астана қаласында - Ақмола, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының көшіп-қонушылары есебінен қалыптасты.

11.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2007 жылғы қаңтар-маусымда 2006 жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда республика аумағында тұмаумен (20,8 есеге), сальмонеллез жұқпаларымен (1,6 есе), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (29,2%-ға), өткір вирустық гепатитпен (27,0%), менингококк жұқпасымен (21,8%), бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (21,3%), басқа да тамақтан бактериялық уланулармен (20,4%), қызамықпен (20,3%), ішектің бактериялық жұқпасымен (19,9%), ішектің өткір жұқпасымен (11,9%), бактериялық дизентериямен (9,3%) ауырғандар саны өскені анықталған. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 94 оқиғаны құрады; 984 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2006 жылдың қаңтар-маусымында – 827).

2007 жылдың қаңтар-маусым айларында тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың адамға шаққанда 11543,4 оқиға), тұмау (207,9), тыныс органдарының туберкулезі (133,9), ішектің өткір жұқпасы (109), вирустық гепатит (61,6), мерез (48,6), битшеңдік (34,2) және қышыма (21,2) болды.

2006-2007жж. қаңтар-маусымдағы ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

бірлік



14 жасқа дейінгі балалар арасында 2007 жылдың қаңтар-маусымында тұмаумен (16,9 есеге), өткір вирустық гепатитпен (47,6%-ға), тамақтан бактериялық уланулармен (37,1%), жоғары тыныс жолдарының нақтыланбаған өткір жұқпасымен (30,7%), қызамықпен (28,6%), ішектің бактериялық жұқпасымен (27,6%), ішектің өткір жұқпасымен (21,9%), менингококк жұқпасымен (14,1%), тыныс органдарының туберкулезімен (6,5%), бактериялық дизентериямен (5%) ауырғандар саны көбейген. 42 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2006 жылдың қаңтар-маусымында – 17).

Ағымдағы жылғы маусымда 2006 жылдың маусымымен салыстырғанда бірінші рет анықталған созылмалы вирустық гепатитпен (27,8%-ға), ішектің бактериялық жұқпасымен (20,2%), аш ішектің қабынуымен (19,4%), қызамықпен (18,4%), өткір вирустық гепатитпен (7,3%), ішектің өткір жұқпасымен (5,9%) ауырғандар саны өскен. 170 АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылар анықталды (2006 жылдың маусымында – 122). Ауылдық жерлерде осы ай ішінде қызамықпен (3,7 есеге), аш ішектің қабынуымен (2,3 есе), өткір вирустық гепатитпен (29%-ға) ішектің бактериялық жұқпасымен (16,6%) ауырғандар саны өскен. Анықталған АҚТҚ жұқпасын тасымалдаушылардың саны 39 оқиғаны құрады (2006 жылдың маусымында – 26).

11.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2007 жылғы қаңтар-маусымда тіркелген қылмыстардың саны 2006 жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда 5,5%-ға азайып, 65 мыңды құрады, олардың 27% әйелдерге, 5% - кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар. Тіркелген қылмыстардың саны тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда 85 оқиғаны құрады (2006 жылдың қаңтар-маусымымен - 91).

Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы меншікке қарсы жасалған қылмыстарға келеді (62,8%). Олардың ішінде едәуір бөлігі бөтен адамның мүлкін ұрлауға (39,7%) тиесілі болып отыр, ол 2006 жылдың қаңтар-маусыммен салыстырғанда 7,5%-ға кеміген.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы жасалған қылмыстардың үлесі 8,6% құрап, олардың саны 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 3,7%-ға өскен. Бұл топта ең жоғары үлес (8,3%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 4,9%- ға өскен. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар саны 4,6%-ға көбейіп, 5385 оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 88,9% құрады (2006 жылғы қаңтар-маусымда – 89,8%).

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қарсы жасалған қылмыстардың үлесі 7,7%, жеке адамға қарсы жасалған қылмыстардың үлесі 7% құрады. Жеке адамға қарсы жасалған қылмыстар тобында қасақана кісі өлтіру және өлтіруге оқталу (5,2%-ға), сонымен бірге денсаулыққа қасақана орташа ауыр келтіру (1,5%) оқиғаларының саны азайған. Сол кезең ішінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру оқиғаларының саны 6,4%-ға өскен.

2007 жылғы қаңтар – маусымдағы қылмыстылық құрылымы



2007 жылғы қаңтар-маусымда 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда көлік қылмысының саны (18,2%) айтарлықтай өсіп, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы жасалған қылмыстардың саны (5,8%-ға) көбейген.

Республикада әскери қылмыстардың қысқару үрдісі сақталуда. 2007 жылғы қаңтар-маусымда 2006 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың саны 29,4% азайды. Осы санаттағы тіркелген қылмыстардың 35,4% - билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік, 19,8% - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу, 24,9% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету, 1,6% - қашқындық құрайды.

Есепті кезеңде тексерілген қылмыстар бойынша республиканы тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 28573 млн. теңге болды, оның 63,2% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың, 25,6% - меншікке қарсы жасалған қылмыстардың үлесінде.

2007 жылғы қаңтар-маусымда республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 41 мың адамды анықтады (2006 жылғы қаңтар-маусымдағыдан 4%-ға аз), 29,1 мың адам қылмыстық жауапқа тартылды, бұл 2006 жылғы сәйкес кезеңінен 14,1%-ға көп.

